

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

Педагогикалық технологиялар институты

Педагогика және психология кафедрасы

АЙДЖАНОВА З.Ж.

**Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік
құндылықтарын қалыптастыру бағдарламасы
(оқу-әдістемелік құрал)**

Ақтау-2011

УДК 371 (07)
ББК 74.200.58 я.7
А20

Айджанова З.Ж. Оқу-әдістемелік құрал

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ– Ақтау, 2010 ж. (қазақ тілінде), 63бет.

ISBN 978-301-7276-47-8

Пікір жазғандар:

Маңғыстау облыстық мұғалімдердің
білімін жетілдіру институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Б.Қ.Ақбердиева

Маңғыстау облыстық мұғалімдердің
білімін жетілдіру институтының доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты

С.М.Төрениязова

Оқу-әдістемелік құралда сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру туралы мағлұматтар беріледі. «Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бағдарламасы» мен рухани-адамгершілік мақсаттағы тәрбие сағаттарының жоспарлары және бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» курсы туралы мәселелер сөз болады.

Оқу-әдістемелік құрал бастауыш сынып мұғалімдеріне және бастауышта оқыту әдістемесі мен педагогикасы мамандығы студенттеріне арналады.

УДК 371 (07)
ББК 74.200.58 я.7

ISBN 978-301-7276-47-8

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Педагогикалық технологиялар институтының «Педагогика және психология» кафедрасының отырысында қаралып, бекітілген.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

Алғы сөз

Жаңа мыңжылдық табалдырығын аттай отырып, қазақ елі нарықтық экономика жағдайында ғылыми-техникалық жаңалықтарды меңгеру мен ұлттық мәдени мұраларды жандандыруға ерекше көңіл бөлуде. Осыған орай жаңарған қоғамның жастарына ұлттық-патриоттық рухта тәрбие берудің сапалық деңгейін көтеріп, рухани-адамгершілік түсініктері мен ұғымдарын тәрбиелеуді білім беру мекемелері міндет етіп қойып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Жеке адамның шығармашылық, рухани дене мүмкіндіктерін дамыту адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілігін байыту – қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі», - деп орынды айтылған.

Осыған орай, бүгінгі таңда жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесі – адамның мінез-құлқын тәрбиелеу арқылы оның әдептілікті сақтау қатынастарын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандағы жалпы білім беруді реформалау жүйесінің жүзеге асырылуы республикамыздың тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу жағдайында үлкен қоғамдық маңызға ие болып отыр. Еліміздің жаңадан қабылданған Конституциясында жеке тұлғаның рухани және жан-жақты дамуының қайнар көзі білім мен ғылымды қоғам талабына сай дамыта отырып, жас ұрпақ бойында имандылық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жөнінде мәселе көтерілген.

Осыған орай, «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында білім беру саласының алдына үлкен міндеттерді жүктейді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында: «...оқушыларды қазақстандық патриотизм шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - дегені мәлім.

Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беру – қазіргі мектептердегі басты міндеттердің бірі, өйткені, біздің қоғам өмірінде рухани-адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, ізгілік, имандылық, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттердің ықпал аясы кеңейіп келеді. Мектепте бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда және дамытуда рухани-адамгершілік тәрбиесінің формалары мен әдістерін пайдаланудың маңызы зор. Ол үшін сыныптан тыс өткізілетін тәрбие жұмыстарында рухани-адамгершілік тәрбие берудің мүмкіндігі қандай екенін анықтауды қажет етеді.

1 Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Қазіргі уақытта еліміз саяси, экономикалық және әлеуметтік дағдарыстарды басынан өткізіп, еңселі елулікке бет бұруда, бұл әрине қоғамның адамгершілік нормаларды меңгеруіне әсер етпей қоймайды. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезіндегі қазіргі заманғы педагогика теориясы мен практикасындағы көкейкесті мәселелерге жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын жатқызуға болатындығын әлеуметтік және педагогикалық зерттеулер көз жеткізіп отыр.

Сондықтан да мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің жолдарын қарастыру ең басты мәселеге айналууда.

Адамгершілік тәрбие педагогиканың тарихы мен теориясында кеңінен зерттеліп жүрген мәселелердің бірі. Осыған орай, мектеп педагогикасында адамгершілік тәрбиесіне арнайы бөлім беріліп, оның төмендегідей міндеттерін бөліп қарастырған.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері:

- оқушыларды қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру;
- оқушылардың тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру;
- балалардың санасына және мінезіне педагогикалық ықпал жасаудың бірлігін қамтамасыз ету;
- Отанға, халқымызға, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке балалардың жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру: біріншіден, тәрбие процесінің объективті және субъективті жақтарының бірлігіне, яғни оқушыларға қойылатын педагогикалық талаптарға – бұл объективті жағына; ал, жеке адамның қоғамдық норманы меңгеруі – бұл тәртіп пен мінез-құлық тәрбиесінің субъективтік жағына байланысты; екіншіден, тәрбие шараларының мазмұнына, идеялық деңгейіне байланысты.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны, оған қойылатын талаптар тәрбие бағдарламасында көрсетілген. Осы бағдарламаға сәйкес мектептің, сынып жетекшілерінің, қоғамдық балалар ұйымдарының іс жоспарларында оқу-тәрбие жұмыстарының мақсаты, мазмұны, формасы анықталады, іс жүзіне асырылады.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырға созылған өзіндік тарихи тағлымы, ой-пікірлері бар болғандықтан, жеткіншектердің рухани-адамгершілік тәрбиесі туралы тұжырымдар философ, тарихшы, этнограф, психолог, педагог ғалымдардың зерттеу еңбектерінен орын алған. Оның тамыры тереңге жайылып, Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, қазақ даласының аты аңызға айналған кемеңгер ойшылы Қорқыт атаның, Аристотельден кейін тарихта «Әлемнің екінші Ұстазы» атанған данышпан, ойшыл әл-Фарабидің және сол орта ғасыр дәуіріндегі ғұламалардың (Ж.Баласағұн, Қ.А.Яссауи, М.Қашқари, А.Иүгінеки), XII-XIX ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың (Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиенбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау, Махамбет, Майлықожа т.б.)

жастарға тәрбиесі туралы мұраларынан бастау алады. Аталған ойшылдардың еңбектері ғылыми-педагогикалық тұрғыда сараланып, елін, жерін, Отанын, ұлттық мәдениетін сүйетін арлы, рухани-адамгершілігі мол, парасатты ұрпақ тәрбиелеуде баға жетпес мұра болып табылуда.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінің жас ұрпақты тәрбиелеуде алатын орны жөнінде қазақ зиялыларының еңбектерінде де сөз болған, әсіресе, XIX ғ. екінші жартысында Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев мұраларында жалғасын тауып насихатталады.

XX ғасыр басында қазақ халқының білім беру саласында үлкен бетбұрыстар болды. Ұлттық негіздегі төлтума оқулықтар, рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтау, оны бүгінгі оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне пайдалану А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ғ.Қараш және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге жоғары оқу орындары студенттерін даярлау проблемасының кейбір салаларын М.И.Гей, А.А.Гобронидзе, Е.Б.Полевничая, Э.Р.Ашхаруа, В.П.Бездухов, Р.К.Төлеубекова, Л.А.Байсерке, В.А.Ким, А.А.Калужный т.б. секілді педагог-ғалымдар біршама зерттесе, ал бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі И.С.Марьенко, Н.И.Монахов, Б.Ы.Мұқанова, Р.М.Қоянбаев және т.б. ғалымдар еңбектерінің зерттеу объектісі болды.

ТМД елдерінде адамгершілік тәрбиесі проблемаларына қатысты ұлттық құндылықтарды зерттеген Л.М.Архангельский, В.А.Блюмкин, А.А.Гусейнов, В.П.Зинченко, Г.Е.Леевик, Д.А.Леонтьев, А.И.Титаренко т.б. айтуға болады.

Сондай-ақ, адамгершілік тәрбиесін жеке тұлғаны тәрбиелеу тұжырымдамалары негізінде О.С.Богданова, Е.В.Бондаревская, А.А.Бодалев, Б.З.Вульфов, О.С.Газман, И.М.Ильинский, И.С.Марьенко, В.М.Коротов, Н.Е.Щуркова және т.б. қарастырған.

Тәрбие жұмыстарына ғылыми сипаттама бере отырып халықтық тәрбие тұрғысынан негізделген қазақ ғалымдары Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, Ә.Табылдиев, А.Ашайұлы, С.Иманбаева және т.б. ұлттық педагогиканың теориялық негізін айқындаумен қатар, мектептегі тәрбие жұмысын жетілдірудің практикалық жақтарын, тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру жолдарын, ерекшеліктерін ашып көрсетті.

Халық педагогикасы дәстүрлері негізінде бастауыш сынып оқушыларын, балабақша балдырғандарын адамгершілікке тәрбиелеуге тәрбиешілерді, болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері А.Әлімбековтың, К.Ф.Тешебаеваның, А.Маноновтың, Ж.С.Хасанованың, А.С.Мағауованың, Ж.Сәдірмекованың және т.б. зерттеулерінде әр қырынан сөз болады. Сонымен қатар, біздің зерттеу тақырыбымызға жақын С.Қ.Абильдина, Қ.Т.Ибрайымжанов, Р.Б.Үсембаева, Ә.С.Әмірова т.б. педагог-ғалымдардың еңбектерін айтуға болады. Бұл ғылыми-педагогикалық еңбектер балабақшалар мен бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын

қалыптастыруда ғылыми-әдістемелік құрал болғанымен, сыныптан тыс жұмыс арқылы рухани-адамгершілік тәрбие беру жұмысы кешенді зерттелмеген.

Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының ролі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның туған кезінен-ақ басталады, ал рухани-адамгершілігі қоршаған орта, адамгершілік тәрбиесінің тәрбие міндеттері мен мазмұнына байланысты жетіледі. Мектепке дейінгі жаста балаларда бастапқы адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары тәрбиеленеді. Мектепте бұл жұмыс мұғалімдердің, қоғамдық жастар ұйымдарының басшылығымен жүйелі түрде, көзделген мақсатқа сай жүргізіледі. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде бастауыш сыныптарда адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады.

Бұдан бұрынғы тәрбие мен алдағы тәрбие арасында диалектикалық өзара байланыс бар. Тәрбие ісі әрбір нақты кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін саңтай отырып, болашақтың ерекшеліктеріне бағдар ұстайды, соған әзірлейді, ал одан әрі баланың бұдан бұрынғы кезеңдерде жинақтаған өмірлік тәжірибесін белсенді түрде пайдаланады. Белгілі кезеңде баланың психикасында пайда болған жаңа жақсы қасиеттері әлі де әлсіз және шектеулі болса да педагог соған сүйенуге тиіс.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың тәртіп, құлық, достық, жолдастық және Отан туралы ұғымы қалыптасады, кеңиді, ата-аналарын, үлкен адамдарды құрметтеуге үйренеді, еңбекке сүйсініп қарайды, ізеттілік сақтайды. Әр түрлі іс-әрекеттерінің барысында бастауыш сынып оқушылары, тәртіпке, жолдастық өзара көмек беруге, өзара түсінуге дағдыланады. Олар оқу еңбегіне өзінің қатынасын, мектептегі, отбасындағы және қоғамдық орындарындағы өзінің мінез-құлқының қандай болу керектігін біледі.

Яғни, оқу және тәрбие барысында бастауыш сынып оқушыларының дербес және қоғамдық мінез-құлық туралы адамгершілік құндылықтарының мазмұны байиды.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда мектептерде жинақталған тәжірибе аз емес. Олар сабақтарда адамдардың өмірдегі игілікті істерінің адамгершілік жақтарымен көптеген мысалдар арқылы танысады. Бұл материалдарды шеберлікпен пайдалану бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік сезімінің қалыптасуына жағдай

жасай отырып, сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің үлкен мүмкіндіктері бар екенін айқын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында еркін елдің ертеңін баянды ету бағытында, бастауыш мектеп оқушысының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда сынып жетекшісінің білімі мен іскерлігінің маңызы зор. Өйткені, сынып жетекшісінің білім деңгейі мен іскерлігі оған мектеп тәжірибесінде кез-келген әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағыт тауып, шығармашылық тапқырлыққа ұмтылуға, балалармен әртүрлі іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыра алатындай дәрежеде кәсіби біліммен қаруландыруға жетелейді.

Оқушылардың бойында бастауыш сыныптан бастап рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың негізі, мәдениеттілік, адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік дамуы қалыптасады. Қазіргі қоғамдық жағдайда адамның рухани-адамгершілік тәрбиелілігін қалыптастыруды міндет етіп қоюда. Бұл міндетті шешудегі маңызды істің бірі рухани-адамгершілік тәрбиелілікті, адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік дамуды қалыптастыруда мектептегі сыныптан тыс жұмыстардың орны айрықша.

Рухани бағдар беру проблемасының көкейкестілігі әсіресе мектеп жасында арта түседі. Білім беру аясында балалардың ішкі әлемін рухани тұрғыда байыту міндеттері туындайды. Бұның шешімін іздестіруде рухани-адамгершілік тәрбиесі ерекше роль атқарады.

Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар барысында қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Сыныптан тыс жұмыс дегеніміз – оқушылардың сыныптан бос уақыттарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Бұл біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, олардың сабақта алған білім, іскерлік, дағдыларын дамыту. Сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып өткізу жолдары, әдістемесі, түрлері мен формаларын Н.И.Болдырев, В.И.Фурсов және т.б. өз еңбектерінде атап көрсеткен. Егер сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқу процесімен ұштасатын болса, онда бүкіл тәрбие жұмысының жүйесін дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Сыныптан тыс жұмыстың мәні жоғары. Кеңейтіліп жүргізілген сыныптан тыс жұмыстың тәрбиелік, дамытушылық, білімділік маңызы зор.

Тәрбие – педагогикалық процестің өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін құрамдас бөлігі екендігі бізге мәлім. Олай болса, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың нәтижесін арттыру одан да күрделі мәселе. Мектеп жағдайында бұл жауапты мәселені жүзеге асыру, сынып жетекшілеріне жүктеледі. Оны нәтижелі ұйымдастыру, сынып жетекшілерінің педагогикалық білім деңгейінің сапасы мен педагогтік шеберлігіне байланысты.

2.Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың мазмұны

Бүгінгі таңдағы Қазақстан білімі әлеуметтік мәдениет пен рухани қабілеттің бірі ретінде қоғам мен жеке тұлға менталитетіндегі және жеткіншектер мен ересектердің құндылық бағдарындағы өзгеріске байланысты жана даму кезеңін бастады. Жаңа жолдарды іздестіру екі бағытта жүзеге асуда: жеке тұлғадан да жоғары мәні бар қазақтың дәстүрлі ұлттық құндылықтарын қалыптастыру жолы бойынша және адамның тұрмыс-қарекетін батыстың құндылық бағытымен ұлғайта жетілдіруге байланысты. Соңғы бағытқа батыс қоғамына тән, оның өзімшілдігі мен ақыл-парасаты, оның өзімен-өзі, өз мәселесімен шектелуі, оның ақыл-ойды материалдың құндылыққа бағдарлауы, рухани құндылыққа немқұрайды қарауы сияқты ерекшеліктер айтарлықтай ықпал жасайды.

Мұндай көріністер бүгінгі Қазақстан болмысында да байқалады. Қазақстанда бой алып жатқан жана мүмкіндіктермен қатар (мысалы, ар бостандығы, қоғамның турашылдығы, көппартиялық, жариялылық т.б.), қоғамдық тұтынуға тән жарамсыз құбылыстар да ұлғая түсуде. Жағымсыз жағдайларға тез бой ұсынатындар көбінесе өздерінің ұстанған дүниетанымдық бағытының қалыптасуына байланысты нарық ықпалына, сапасы төмен мәдениет үлгілері мен қылмыс құрығына, әртүрлі діни топтардың ықпалына түскен балалар, жеткіншектер, жастар болып отыр. Іштен тірек болмаған жастарға сырттан да қолдау табылмады (отбасы, мектеп, жастардың қоғамдық ұйымдары, заңсыз ұйымдар). Олай дейтініміз, Қазақстан қоғамы ұзақ жылдар бойы бейтарап жағдайда болды: ескі, социалистік идеялар толығымен жоққа шығарылды, батыстың үлгілері Қазақстанның өзіндік менталитетіне байланысты жүзеге аспады, жаңа құндылық жүйесі болса әлі қалыптаса қоймады.

Егеменді Қазақстанның алғашқы жылдары құндылық жүйесінің әрбір адам, қоғам және мемлекет үшін қанша қажет екендігін аса жітілікпен байқатты. Ол мемлекет ішінде және жалпы әлемде ұлтаралық қарым-қатынасты құруда негіз болып саналады. Сонымен бірге Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі жағдайдың күрделілігіне қарамастан өзінің мазмұнында көрініс тапқан рухани құндылықтары арасында өзінің өміршендігін сақтаған өресін әлі де болса жоғалта қоймағандығын айғақтап отыр.

Қазіргі педагогикалық теорияда оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жүйесін құрудағы екі түрлі көзқарас айрықша аталып отыр: бірі – интеллектуальдық, яғни мектеп оқушыларының бойына тәрбиелік білім негіздерін сіндіруді көздесе, екіншісі – мінез-құлықтық, яғни, оқушылар бойына жағымды мінез-құлық дағдыларын дарыту арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді дәріптейді. Алайда, бұл көзқарастар, жекелей алғанда рухани-адамгершілік тәрбие жүйесінің негізін қалай алмайды. Егер интеллектуальдық тұрғыдан жетілдіру тұғырнамасын басшылыққа алар болсақ, онда барлық тәрбие жұмысы, тек қана мінез-құлық ережелері мен нормалары

жөніндегі білімдерді түсіндіруге бағытталады. Мұндай біржақтылық оқушыларға рухани-адамгершілік нормалары мен ережелерін үстірт түрде жаттатумен ғана шектеліп қалады. Ал мұның өзі рухани-адамгершілік, сана мен мінез-құлық арасында алшақтықтың пайда болуына, түптеп келгенде, өзімшілдік пен эгоистік қадір-қасиеттердің қалыптасуына әкеліп соқтырады.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда мынаны ескерген жөн: тәрбиеленген тұлғаның мәні білімді, дағдыны және жағымды мінез-құлық әдеттерін құрайды. Мұндай тұлға өзін қоршаған ортамен, басқалармен өз бетінше қарым-қатынас жасай отырып, белгілі бір қалыптасқан мінез-құлық тәжірибесін жинақтай алады. А.С.Макаренко былай дейді: «Біз үнемі қарым-қатынаста боламыз. Себебі, қарым-қатынас біздің педагогикалық жұмысымыздың шынайы объектісін құрайды. Өне бойы біздің көз алдымызда екі түрлі объект тұрады – жеке тұлға және қоғам. Жеке тұлғаны тоқтату, оны қоғамнан бөліп тастау мүмкін емес...».

Философ ғалымдардың адам туралы тұжырымдамасында бала мәдениеттің ошағы тұрғысында, оның ең жоғары рухани құндылығы болып саналады. Адам өзінің рухани мәніне ие болады, мәдениетті меңгере және оны өмірде пайдалана отырып, адамзаттың бір бөлігі болып есептеледі. Бұл қағидалардан әлбетте мынадай тұжырым туындайды, адамның мәдени мәні оның тұтастығын жүйеге келтіретін бөлігі болып табылады. Осы қағидаларға сүйене отырып, біз қазіргі тәрбиенің ірі мақсаты тұрғысында рухани-адамгершілігі жоғары дамыған мәдениет адамын қарастырамыз. Ал бұл болса мынадай жеке тұлға түрінің бостандығын, гумандығы мен руханилығын, шығармашыл өмірінің мөлшерін айқындайтын субъективті өзегі болып саналады.

Біз өз зерттеуімізде құндылық бағдар қалыптастыру мәселесін қарастыратын педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге және бастауыш мектептің нормативтік құжаттары мен оқулықтарына талдау жасай отырып, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарының мазмұнын: Отан, туған жер құндылығы; ана тілі; отбасы құндылығы; салт-дәстүрлер құндылығы; Ел рәміздері; тарихи тұлғалар құндылығы деп белгіледік.

Бастауыш сынып оқушысының құндылық бағдар үдерісі құндылықтарды иелену фазасының айқын байқалуымен ерекшеленетіндіктен (Кириякова), ең маңызды мәселе олардың қандай құндылықтарды иеленетіндігінде. Бала белгілі бір заттың немесе құбылыстың құнды қасиеттерін білмеуі және оны пайдаланбауы мүмкін. Бұндай жағдайда ол оған құндылық болып табылмайды. Сондықтан, тұлғаны құндылықтарға бағыттауда ақпараттық қызметтің рөлі зор. Құндылық бағдар беру құндылықтардың қасиетін, сипатын ашқан кезде жүзеге асады.

Сонымен бірге, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда салауаттылықтың алатын орны маңызды болып табылады. Оған Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында және оқу-тәрбие саласына байланысты басқа да құжаттарда жан-жақты білімді, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, денсаулығы мықты, шешен тілді, рухани дүниесі бай және салауаттылық деңгейі жоғары ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі көрсетілгендігі

дәлел бола алады. Жалпы салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттер, әдепсіз қылықтан арылу, ауырып ем іздемей тұрып, салауатты ғұмыр кешуге жол табу туралы мәселе ерте кезден-ақ зерделенген. Адамның рухани ішкі және сыртқы тазалығы адамгершілік, имандылық қасиеті, ақыл-ойының, дене бітімінің саулығы, тәлім-тәрбиесі туралы мәселелерді адамзат тарихи тамырын тереңнен алады. Халқымыз жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, кейінгіге талай ұлағатты сөздерін, іс-тәжірибесін қалдырған.

Ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім, ұрпақты руханилыққа және салауаттылыққа тәрбиелеуде ұлтымыздың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, жазба мұралары негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларды жинақтап, зерттеп зерделеудің құндылығы арта түсуде. Қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған.

Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді өнерге, еңбекке шақыра отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге баулу мәселесін алғашқы орынға қойған.

Халық мұраларында рухани-адамгершілік құндылықтарды, әсіресе, отбасын қастерлеу тәрбиенің басты қағидасы болып саналған. Ата-ананы, ұстазды, үлкенді сыйламауды халқымыз кешірілмес үш күнә деп санаған. Қазіргі мейірімсіздік, қатыгездік, дөрекілік етек алып отырған заманда жасанды отбасы бірлігін сақтауға, рухани-адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр.

Ата-бабамыз келер ұрпағына «табиғат үйін» – орасан зор байлығын сыйлап кетті. Осы табиғатта олардың айналысатын шаруашылығы – төрт түлік малы, табиғи кенеулі асы: ішсе – сусыны, айран-сүті, қымыз-қымыраны, шұбаты; жесе – еті, қазы-қартасы, құрт-майы; мінсе – көлігі, ойын тойларда – сауығы болған.

«Ата – балаға сыншы» дейді қазақ мақалы. Әке өз балаларының жеке ерекшеліктерін, қандай іске, өнерге бейімделгенін, ерте аңғарып, шамасы келгенше баласының бойындағы табиғи қабілеттерін дамытуға күш салған. Баласы ойлы, сезімтал болса, ел адамы, қадірлісі болуды көздеп және игі жақсыларға теңеген. Парасатты әке балаларына ата-бабаларының іс-әрекетінің үлгі боларлық өнерін айтып, ағайынның туыстық, жақындық қатынастарын түсіндіріп, ата-тегі туралы айтып, ұрпағының саулығы мен имандылығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып отыруды өзінің парызы санаған.

Рухани-адамгершілік пен салауаттылыққа баулитын халқымыздың сан ғасырлық тәлім-тәжірибесін, мұраларын болашақ жастар тәрбиесіне пайдаланудың берері мол екендігін халқымыздың зиялы азаматтары, ұлы ғұламалары да атап көрсеткен.

Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, салауаттылығын қалыптастыруға пайдалануда тәлімдік ой-пікірлерімен қазақ даласына із қалдырған Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ғ.Қараш және т.б. еңбектері – ұрпақ саулығы үшін

қам жеген денсаулық мәселесіне арналған мұраларының орны ерекше. Мәселен, М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында «Сау жан сау денде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелін дұрыстай отырып, баланың денсаулығы мәселесін «Дене тәрбиесі» бөлімінде егжей-тегжейлі қарастырады.

Қазақ отбасы тәрбиесінде өзінің ғасырлар бойы саяси экономикалық, әлеуметтік-тарихи ерекшеліктеріне байланысты атап айтқанда, кең байтақ жерін, шаруашылық дәстүрін әр түрлі шапқыншылық, жауынгерлік және табиғаттың дүлей апатынан сақтап, қорғап қалу үшін ұрпағын бала жастан іскерлікке, ептілікке, батырлыққа, мергендікке шымырлыққа, саулыққа, салауаттылыққа тәрбиелей отырып, жаны мен тәнінің бірдей жетілуін дәстүрге айналдырған.

Қазақ ұлтының болашақ ұрпағының санасына туған халқына деген сүйіспеншілік, ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, тарихын сезіне білетін жылы жүрек, тоқтамды ақыл мен имандылық өте қажет. Бұл айтылып отырған құндылықтар тек қана дені сау жаны мен тәні таза, адал иманды, салауатты тұлға бойынан табылатын қасиеттер. Сондықтан, қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, көздеген мақсатқа жету жолындағы өмір тіршілік әрекеттеріне тоқталып көрелік.

Қазақтың әдет-ғұрыптарының бірі – тыйым сөздер. Тыйым сөздердің әлеуметтік қызметі адамның шаруаға ұқыптылығын, мақсаттығын, барды қадірлей білу, өзін-өзі тәрбиелеуі, айналаға қырағы, қамқор бола білуін арттыруға бағытталған деуге болады. Қадым замандардан бастау алатын мұндай тыйым сөздердің исін қазақтың бар ұрпағы бесік жырымен естіп, зердесіне құйып отырған, талқылауға жатпайтын, сөзсіз орындалуы тиіс ақиқат ретінде қабылдаған. Үлкенді сыйлап айтқанын екі етпеген бала – бабаларымыз байыбына бара бермесе де, осы нақылдарды ылғи есіне алып, жаман әдеттерден бойын таза сақтаған.

Қазақтың ұлттық ойындары – адам ағзасы үшін өте маңызды, теңдесі жоқ сауықтыру, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларының бірі. Қазақтың ұлттық ойындары – ептілікті, өжеттілікті, ширақтылықты, шапшаңдылықты, тапқырлықты және т.б. қасиеттерді талап етеді. Адамды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, жауапкершілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, ширақтылыққа тәрбиелейді.

А.Байтұрсынов «Тәні саудың – жаны сау» екенін айта отырып, «Ең әуелі бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл. Тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта» – деп денсаулықты сақтаудың маңызды жолын меңзейді. Себебі, денсаулықтың кепілі – тән мен ардың тазалығы. Ол саулықтың іргетасын қалайды.

М.Жұмабаевтың пікірінше тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен құлық тәрбиесі. Автор олардың бір-бірімен байланыстылығын былай түсіндіреді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды жұмыстарға жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты

берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам – адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» – деген.

Міне, қазақ ұлтының, ұлттық ұғымының ұрпақ саулығына, руханилығына деген ұлағаты.

Дені сау салауатты, рухани бай, ақылды ұрпақтың дүниеге келуін армандаған қазақ ата-бабаларымыздың асыл мұраларына көңіл аударсақ, «тәрбие тал бесіктен басталады» – деп бекер айтапаған. «Қазақ!.. Балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе оған ауру үйір болмайды» – деген халық даналығы. Сол тазалық тал бесіктен басталмай ма?

Адам баласы үшін – отбасы мейірімділіктің қайнар көзі. Ол отбасынан адам баласына қажетті тәлім-тәрбие, өмір заңдылықтарын осы ортадан алады. Сондай-ақ үлкенге құрмет кішіге ізет, ізеттілік, инабаттылық, адамгершілік және имандылық міндеттерін өз санасына құяды. Отбасы – сүйіспеншілік пен мейірімділік ошағы. Қазақ ата-бабамыз «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп отбасы тәрбиесінің жобасын байқап отырған. Балаға туған тілі, жері, салт-дәстүрі, тарихын үйлесімді мейірімділікпен шектестіре отырып, санасына құйып отырған. Бұл жөнінде М.Шахановтың туған тілі, жері, салт-дәстүрі, және тарихты төрт ана деп, өз анасына теңестіруінде де үлкен философиялық мән бар. Құдіретті өз анаңның мейіріміне ешнәрсе тең келмейтінін адам баласы жақсы білген. Демек, әлемдегі барлық мейірімділік пен имандылық өмір заңдылықтарын ескеру ана мейірімі мен атаның тәрбиесі арқылы беріледі.

Қазіргі кезде көп ата-ана баламыз компьютерді, ағылшын тілін меңгерсе болды жетілген тұлға болады деп ойлайды. Ең алдымен әрбір бала адами тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған дұрыс адам бола білуі шарт. Сонан кейін ғана білімін тереңдете алады. Адамдардың адами рухани-адамгершілік құндылықтарының орнындағы кемшіліктерді ешқандай да академиялық білімдердің толықтыра алмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға таза ғылыми негіздегі білімдерді бере отырып, олардың жүректеріне рухани және адамгершілік, имандылық құндылықтарын енгізуді екінші қатарға қалдырады немесе тіпті мән бермейді. Соның салдарынан жастарымыздың бұзылып, рухани-адамгершілік, имандылық дегеннің не екенін түсініп өсуіне әкеліп соғуда.

Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақ жолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыруымызға болады. Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашакорлық, жезөкшелік, паракорлық, дүниеқоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпағымызды қорғап қаламыз және аман сақтаймыз.

Балалардың жасқа байланысты ерекшеліктері олардың барлық іс-әрекетінен – оқу, ойын, қарым-қатынас, еңбек көрініс тауып отырады. Ал құндылық бағдар іс-әрекеттің құрылымына тікелей байланысты. Сондықтан, педагогикалық теориядағы іс-әрекеттік қатынас қағидаларына сүйене отырып, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың құндылық аясының дамуын біз ең алдымен осы іс-әрекеттер барысында жүзеге асыруды қарастырамыз.

Сондықтан ғылыми зерттеу жұмысымыздың барысында айтылған кемшіліктер деңгейін жоғарлату мақсатында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс іс-әрекеттерде қалыптастырудың әдістері мен жолдарын қарастырып, тәжірибеде іске асыру барысында, бастауыш мектептерде өз бағдарламамызға байланысты жүйелі жұмыс жүргіздік. Ол шараларды бастамас бұрын еліміздегі мектептерде қалыптасқан және де жаңаша бетбұрыс алып келе жатқан тәрбие жұмысы жүйелерін сараптаудан бастағанды жөн көрдік.

Тәрбиенің негізгі мақсаты дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз және күрделі үрдіс. Мұнда балаға табиғатынан берілген тума қасиеттері, қоғамды саяси-әлеуметтік жағдай, іс-әрекет пен қарым-қатынас сияқты негізгі күштердің өзара ұғымды байланысы және сәйкестігі саналы азаматтық көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере отырып, озық психологиялық-педагогикалық ойлардың ұтымды әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, қазақ ұлтының төл мәдениеті, салты, дәстүрлері, әдеті, ғұрпы арқылы жас жеткіншектердің ұлттық сана-сезімін, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру көзделеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің қағидаларын дұрыс айқындап алуымыз қажет. Яғни, біріншіден, тәрбиенің мазмұнын жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі – рухани-адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық; екіншіден, бастауыш мектептердегі үздіксіз тәрбиенің негізі – ұлттық тәлім-тәрбие; үшіншіден, іс-әрекет пен қарым-қатынасты тәрбиелеу; төртіншіден, тәрбие жүйесінде ана тілін пайдалану; бесіншіден, тәрбие жүйесінің барлық сатылары мен салаларында тәрбиенің сабақтастығы мен үздіксіздігі талап бірлігін қамтамасыз ету.

Мұнда төмендегі принциптер мен мақсаттар көзделеді:

- әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы – мәдениеттің құнды бөлігі;
- қазақ халқының бағалы педагогикалық ой-пікірлерін бүкіл оқу-тәрбие жүйесінің тірегіне айналдыру;
- өнегелі тәрбие ісін дүниежүзілік ғылыми және рухани қазынасы ұлттық мұрамен ұштастыру арқылы жүзеге асыру;
- балалар мен жастарды ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлік пен пысықтыққа машықтандыру, өнімді еңбек етуге бейімдеу;

- ата-ана мен бала, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынасты өзара сенімге, қайырымдылыққа, бір-біріне сый-құрметпен қарауға негіздеу;

- тәрбие барысында психологиялық жағынан жайдарлылық, үйлесімділік ахуал туғызу, жас азаматтың өзіне деген сенімін арттыру, қамқоршылық сезімін дамыту;

- қоғам мүшелерінің тәрбие алудағы теңдігі, шығу тегіне, ұлттық белгілеріне, жынысына, тіліне, діни сеніміне, кәсіби түрлеріне тәуелсіздігі; тәрбие беруде тілді таңдау еркіндігі.

Демек жоғарыда көрсетілген тәрбиенің мақсаттарымен негізгі қағидалары елімізде қалыптасқан әртүрлі жалпы білім беретін мектептердің гимназия, лицей барлығында бірдей жүзеге асырылуы қажет. Алайда аталған Тұжырымдама шын мәнінде басшылыққа алына отырылып мектептегі тәрбие жұмысы жөніндегі әдістемелік құралдардың тек негізін ғана құрайды, ал тәрбие жұмысының үлгілері әр мектепте, әр гимназияларда, әр лицейде әр түрлі. Себебі тәрбие процесі өте күрделі, басып өтпеуге болмайтын жол.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықтандыру қажеттігі баса айтылған. Демек, осы педагогикалық технологияларды оқушыны дамытуға бағытталған оқу-тәрбие жұмысының бір-бірімен тығыз байланысқан әдістері мен түрлерінің жиынтық жүйесі деп қарайтын болсақ, онда оны тәрбие жұмысының таптырмайтын құралы ретінде қарағанымыз жөн.

Оның негізгі идеясы бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік дүниесіне қозғау салып, оның ішкі мүмкіндіктерін оятатын рухани-адамгершілік сапаларына мән беру. Сонымен қатар оқушылардың рухани-адамгершілік құнды құндылықтарын қалыптастыруға, дамытуға арналған тәрбие процесін жандандыру, оның маңызын жандандыруға бағытталған әдістері мен жолдарын ұсыну.

Ондағы ұстанып отырған басты қағида адамның кісілік қабілеті, соған лайықты бола білуге, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесімділігіне, тәрбие процесінің халықтық дәстүрмен сабақтасып жатуына, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруді негіздеу. Оқушылардың бойында рухани құндылықтарды: қарапайымдылықты, ізгілікті сүйіспеншілікті дамыту, сондай-ақ әділдікке, зорлық-зомбылық жасамауға, бақытты өмірді бағалай білуге тәрбиелей отырып қалыптастыру.

Сондықтан, біз, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда көмек болатын, төрт блоктан тұратын бағдарлама ұсындық.

Кесте 1 – «Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастыру» арнайы курс бағдарламасы

Блок-тар	Блок тақырыптары	Формалары	Тәрбие мазмұны	Сағат саны
I. «Отбасы – тәрбие бастауы»	«Менің отбасым»	СС;	Ата-аналармен қарым-қатынасы, мектептегі алғашқы кездеріндегі сыныптастарымен қарым-қатынасы, туған-туыстарына қайырымдылығы, ата-ана алдындағы парызы.	6
	«Әкем, анам және мен»	СЖ;		
	«Шаңырақ сыны»	СС;		
	«Алтын күз»	ТС;		
	«Отан отбасынан басталады»	ТК;		
	«Әже мен немере»	ТС.		
II. «Алтын ұя – мектебім»	«Құрметтейік қарттарды»	КТС;	Мұғалімдеріне, сыныптастарына, жолдастарына рухани-адамгершілік қарым-қатынасы, қоғамдық жұмысқа деген жауапкершілік сезімі.	6
	«Мен қарыздармын...»	ПТ;		
	«Менің үйдегі міндеттерім»	СС;		
	«Кітап сарқылмас рухани қазына»	ТС;		
	«Сынып үздігі»	О-Ж;		
	«Әдептілік – адамгершілік белгісі»	СС.		
III. «Ата-баба дәстүрі – асыл мұра»	«Қыс қызығы»	Э.Әң.	Ата-баба салт-дәстүрлерін білуі, оған көзқарасы, оларды түсінуі және қарым-қатынасы.	6
	«Адамшылық шуағы сөнбесін мәңгілік»	ПТ;		
	«Салауатты ұрпақ – ұлт байлығы»	ТС;		
	«Адамгершілік – асыл қасиет»	СС.;		
	«Ана тілің – арың бұл»	Э.Әң.		
	«Наурыз – думан»	МК;		
	«Мың бір мақал»	ОС;		
	«Әдептілік әлемінде»	СС.		
IV. «Табиғаты аялайық!»	«Құстарға қамқор болайық»	ТС;	Өлі және тірі табиғатқа деген мейірімділігі және қарым-қатынасы.	6
	«Табиғатым – тағдырым»	СС;		
	«Адам және табиғат»	Э.Әң.		
	«Көктем келді, жаз келді, ойнаймыз біз би билеп!»	СЖ;		
	«Төрт күдірет»	ТС;		
	«Адам – табиғат перзенті»	Э.Әң.		

Шартты белгілер:

СС – сынып сағаты
СЖ - спорттық жарыс
СС – сайыс

ТС - тәрбие сағаты
ТК – танымдық кеш
КТС - кездесу тәрбие сағаты
ПТ - пікір - талас

О-Ж – ойын-жарыс
Э. Әң - этикалық әңгіме
МК – мерекелік кеш
ОС – ойын сабақ

Бұл бағдарлама ұлттық мектептер үшін алғаш рет ұсынылып отыр.

Егер тұлғаны адамның әлеуметтік қасиеттерінің бірлігі деп қарайтын болсақ, онда оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысында осыған лайық

өзгертулерге ұшырайтыны сөзсіз. Демек, қазіргі педагогика ғылымында адамгершілік қасиеттері мол тұлғаны қалыптастыруға бағытталған біз ұсынып отырған моделіміздің үлгісін енгізу кезек күттірмес міндет деп ойлаймыз.

Бірінші блокты «Отбасы – тәрбие бастауы» деп алған себебіміз, балалардың рухани-адамгершілік санасы, рухани-адамгершілік мінез-құлқы, рухани-адамгершілік дамуы отбасынан басталатындығы бәрімізге мәлім. Балалардың ата-аналарына, үй ішіндегі буынға, бір-біріне деген рухани-адамгершілік қарым-қатынасы, сыйластығы, сүйіспеншілігі олардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына және дамуына әсерін тигізері сөзсіз. Отбасы тәрбиесі барысында балаға ата-ана және үлкендер тарапынан көрсетілген қамқорлық пен үлгі-өнеге оның болашақта рухани-адамгершілігі дамыған, жан-жақты жетілген азамат болуында маңызды роль атқарады. Отбасы – ең жақын әлеуметтендіру ортасы қатарында өмірдің мақсаты, оның құндылықтары не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтарды береді және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуына іс жүзінде дағдыланады.

Бала тәрбиесіндегі басты тұлғаның бірі – ата-ана екені баршамызға мәлім. Отбасында бала тәрбиелеу ешқандай дайындықты керек етпейтін қарапайым әрекет секілді болып көрінеді. Көпшілік қауымның осындай көзқараста екені оларға қойылған сұрақтар мен өткізілген сауалнамалар, әңгімелерден белгілі болды. Мұндай көзқарасты кезінде К.Д.Ушинский «педагогикадағы надандық» деп санаған.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың орны туралы Абай Құнанбаев, адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі, ақыл ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата, жақсы ана» үлгі, өнегесі деген.

Сондықтан да «Отбасы – тәрбие бастауы» деп алып, аталған бірінші блоктың тақырыбы бойынша оқу жылының 1-тоқсанына оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмысының төмендегідей жоспарын жасадық:

Қыркүйек

1. «Менің отбасым» – сынып сағаты.
2. «Әкем, анам және мен» – спорттық жарыс.
3. «Шаңырақ сыны» – сайыс.

Қазан

1. «Алтын күз» – тәрбие сағаты.
2. «Отан отбасынан басталады» – кеш.
3. «Әже мен немере» – тәрбие сағаты.

Осы блок бойынша 4 сыныпқа арналған «Шаңырақ сыны» сайысының үлгісін беріп отырмыз.

«Шаңырақ сыны» сайысы (4-сынып).

Тақырыбы: «Ұлағат болсын ұлыма,
Гибрат болсын қызыма».

Мақсаты: а) Білімділік. Ата-бабамыздың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсінік беру.

ә) Дамытушылық. Өлең, мақал-мәтелдер арқылы тілдік қорларын дамыту. Өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

б) Тәрбиелік. Отбасы арасындағы байланыс, әкенің ұлға, шешенің қызға тәрбиесі. Бірін-бірі сыйлай білуге, қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Киіз үйдің керегесі, жабдықтары, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, ұлттық аспаптар, екі тұлпардың суреті.

Сабақ түрі: сайыс-сабақ.

Кіріспе бөлім.

Мұғалім: Армысыздар, мұғалімдер, өз жандар,
Білім іздеп, инемен құдық қазғандар.
Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді,
Би биленіп, ән де бүгін шырқалар.

Жүргізуші: Армысыздар, ақ жаулықты аналар,
Жүздерінен мейіріммен нұр тамар.
Алдарыңда жауқазындай құлпырған,
Балғын шақты біз бақытты балалар!

Мұғалім: – Құрметті, ұстаздар, ата-аналар, қонақтар. Бүгін міне, алдарыңызда оқушылар мен ата-аналар даярлаған «Шаңырақ сыны» сайысын көруге шақырамыз. Бүгінгі сайысқа түсетін отбасы құрамының мүшелері:

I топ – «Парасат» отбасы.

II топ – «Ақ босаға» отбасы.

– Сынымызды бастамас бұрын отбасы топтарының жарысын бағалайтын «әділқазылар» алқасын сайлап алайық:

1. Мектеп директоры Әбиева Ә.Ұ.

2. Тәрбие ісінің меңгерушісі Медеуова Б.

3. Ән-күй пәнінің мұғалімі Аққасова З.

4. №20 мектеп мұғалімі Нұрланова А.

5. Ата-аналар комитетінің төрайымы Құрмашева К.

– Ал, енді, сайысымызды одан әрі қарай жалғастырайық.

Егеменді ел болып қалыптастық,

Өркениетке аяқты анық бастық.

Келешекте енді мін болмайды,

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып танытпастық.

Жүргізуші: Кері кету есігін біз ашпайық,

Шаңыраққа біз ұранды тастайық.

Ең бірінші кезегіміз – беташар,

Ал, қанеки, шаңырақ сынын бастайық.

«Беташар» әні орындалады.

I шарты. «Таныстыру».

Яғни, екі топ өздерінің отбасы құрамымен таныстырады: 1. «Парасат», 2. «Ақ босаға».

Әр шарттан кейін музыкалық бағдарлама жіберіледі. Әділқазылар өз бағасын шығарып, содан соң нәтижесімен таныстырып отырады.

II шарты. «Балаларын еркелету». Төрт түлік малға және құстарға байланысты.

III шарты. «Панорамалық сәттер» (тәрбиеге байланысты тосын сұрақтарға жауап беруге тиіс).

IV шарты. Халық әндері.

Жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй!

– Халық әндерін кім көп біледі? (Екі отбасы кезек-кезек халық әндерін орындап сайысқа түседі.) Бір топ әнді бастайды, екінші топ әнді аяқтауға тиіс.

V шарты. Ата салты.

Мұғалім: Асқар таудың шыңдарына өрлер кім,

Аттанайық, қиясына белдердің.

Ал, енді кезек келді әкелерге,

Сайысын көрейік біз ерлердің.

– Ал, қанеки, «Әкелер сайысы». (Тұлпардың сынын сипаттау).

1. Ер-тұрман – ат көркі.

2. Таудың көркі – тасы мен бұлағы, аттың көркі – құйрық-жалы, құлағы.

VI шарты. Тәрбие.

«Әке көрген оқ жонар,

Шеше көрген тон пішер».

(Ананың – қызына, әкенің – ұлына тәрбиесі туралы әңгіме жүргізу).

VII шарты. Мақал-мәтелдер.

Шаңырақтарға жеңістер әпердім,

Сонда да көп шарттарды әкелдім.

Кезек келді, енді сайыс кезегі,

Сөз өнері – мақал менен мәтелдің.

«Мақал-мәтел сайысы» (Ата-аналары – тәрбие туралы, балалары – оқу, білім туралы айту керек).

VIII шарты. «Өнер сайысы».

Жүргізуші: Жарайсыңдар, барлығың да, өренім,

Асып бір төселсінші кемерің.

Ырза болып, біздер қане, көрелік,

Тамашалап шаңырақтың өнерін.

IX шарты. Қолөнер.

Жүргізуші: Ән-жырға, өлеңдерге төселермін,

Ақ жаулықты апаларға есе бердім.

Оу, халайық, көрейік, біз ендеше,

Үлгі бере сайысын шешелердің.
«Шебердің саусағы алтын» (сырмақ ою).

Х шарты. Ұлттық тағамдар.

Жүргізуші: Дастарқан-ау, дастарқан,
Берекелі дастарқан,
Мерекелі дастарқан.

Әр отбасы өзінің мерекелік «Дастарқан мәзірімен» таныстыру.

Әділқазылар сайыстың қорытындысын шығарады.

«Әже мен немере» тәрбие сағатының үлгісін ұсынайық.

Тәрбие сағатының тақырыбы:.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, өзіндік пікір айтуға, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.

Баланы кішіпейілділікке, адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге, иманды да инабатты болуға баули отырып, қарт адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: қанатты сөздер жазылған плакаттар, әже мен немеренің суреті, ұнтаспа.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

II. Кіріспе сөз (мұғалім).

– Құрметті, қонақтар, оқушылар, ұстаздар. Еліміз егемендік алып, айдай әлемге танылды, іргелі ел болды. Осы жылдар ішінде елімізде көптеген елеулі өзгерістер болуда. Солардың бірі, ұмыт бола жаздаған салт-дәстүріміз бен ұлтымыздың ерекшеліктері үлкенді сыйлауды, инабаттылықты, мейірімділікті, қайырымдылықты бала бойына сіңіру қайта жанданды. Осы сияқты мәселелерді жүзеге асыру мақсатын көздейтін «Әже мен немере» атты тәрбие сағатымызды бастайық.

(Мұғалім оқушыларды келген қонақтармен таныстырады.)

Мұғалім: – Иә, балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз әже мен немере жайында болғандықтан, әже мен немере арасындағы туыстық байланысты анықтап алайық.

Оқушылар өз ойларын айтып, ортаға салады.

Мысалы, 1 оқушының сөзінен: Бізге жарық өмір сыйлаған, бізді жарық дүниеге әкелген анамыз бен әкеміз болса, сол анамыздың анасы, әкеміздің анасы бізге әже болады. Анамыздың анасы нағышы әже, әкеміздің анасы әже, ал біз әкемізге немере боламыз.

Мұғалім: – Иә, әрқашан ереклетіп ертіп жүрер әжеге бала болған қандай бақыт дегендей, әженің тәлім-тәрбиесін көріп, өнегесін үйренбеген немере болмас. Тіпті ұлы адамдардың өзі де әжесінің тәлім-тәрбиесімен сусындап өскен. Ал, сендер, сондай ұлы ақын, жазушылардан кімдерді білесіңдер?

Оқушылар Абай, Шоқан, Ыбырай, Мұхтар туралы, оларды әжелері қалай еркелетіп атағаны, олардың ұлы ойшыл болып өсуіне әжелерінің қандай әсері болғаны туралы өз ойларын, оқығандарын айтады.

Мысалы, 1 оқушының сөзінен: Абай әжесін өте жақсы көрген. Әжесінің ақылын тыңдап, өнегесін көріп, оның айтқан жыр-дастандарын жаттап, өмірде

тәлім-тәрбиесін қолданып, үйреткен салт-дәстүрін бойына сіңіріп өседі. Оның ойшыл, ұлы жазушы болуына әжесі Зеренің көп көмегі тиген деп ойлаймын. Қариялар балалары мен немерелері үшін үлкен тәрбие мектебі болған.

Мұғалім: – Өз әжелерің туралы не айтар едіңдер? (Әже туралы сыр).

Оқушылар өз әжелері туралы ойларын ортаға салады.

А.Қоразбаевтың «Әже» әні орындалады.

Мұғалім: Президенттің Қазақстан-2030 бағдарламасындағы халыққа арнаған арнаған жолдауында: «Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта қандай күйде көргіміз келеді. Біз осынау қарапайым да маңызды сұрақтарға бүгіннің өзінде жауап беруге тиіспіз» - деп атап көрсеткен. Сендер осыған қалай жауап берер едіңдер? Ол үшін сендер не істей аласыңдар? Үлестерің қандай?

Оқушылар өз пікірін ортаға салады.

1-ші оқушы: Біз ұрпағымызды болашақта тәрбиелі, парасатты, иманды, қарттарын сыйлай, қадірлей білетін, Отанына қажетті адам ретінде көргіміз келеді.

2-ші оқушы: Иә, дұрыс айтасың, кейін қариялардың орнын біз басамыз ғой. Сондықтан бізді балаларымыз бен немерелеріміз сыйлау үшін, біз оларға жақсы тәрбие беруіміз тиіс, ана тілімізді ұмыттырмау керек.

Әркім өз ойын айтады.

Күй ойналады.

Әже мен немере (көрініс).

Әжесі немерелерінің ортасында.

Әже: Құлыншағым, балғыным,
Көк орайлы, шалғыным.
Қуанышпен өтсінші,
Нұрын шашқан әр күнің.
Ана тілін құрметте,
Ар-ұятты кірлетпе.
Жақсыларға жақ болып,
Жамандықты үлгі етпе.

Немере: Әже, маған үлгі – сөзіңіз,

Өнегесіз өзіңіз.

Жақсылыққа талпынар,

Біздің нағыз кезіміз.

Жақсы деген немене

Жаман деген немене?

Осындайда, әжетай,

Айтыңызшы өнеге.

Әже: – Иә, балаларым, бала еттен жаратылса, немере сүйектен жаратылған деген бар ғой. Мен сендердің бәріңді жақсы көремін.

Одан әрі әжесі жақсылық пен жамандық туралы әңгіме айтып береді.

Екінші блокты «Алтын ұя – мектебім» деп алған себебіміз, балалардың адамгершілік санасы, адамгершілік сезімі, адамгершілік мінез-құлқы,

адамгершілік дамуы мектепте жалғасын табады. Бала мектепке келгеннен бастап алғашқы әлеуметтік тәжірибе жинақтайды, мектеп өмірінде мұғалімдерімен, жолдастарымен адамгершілік қарым-қатынас жасайды. Сонымен бірге мектептің оқушыларға арналған моральдық ережелерімен танысады, өзін-өзі ұстауды үйренеді. Отбасында қалыптастырылған адамгершілік қасиеттері мектепте толықтырыла түседі. Демек, халқымыздың «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың» деген ұлағат сөзімен түсіндіретін болсақ, әлі де болса өмір тәжірибесі аз, адамгершілік қасиеттері енді ғана қалыптаса бастаған бала рухани-адамгершілігі жағынан дамыған нағыз азамат болып шығады дейміз.

Сондықтан, екінші блокты «Алтын ұя – мектебім» деп алып, осы аталған блоктың тақырыбы бойынша оқу жылының 2-тоқсанына оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмысының төмендегідей жоспарын жасадық:

Қараша

1. «Құрметтейік қарттарды» – тәрбие сағаты.
2. «Мен қарыздармын...» – пікірталас.
3. «Менің үйдегі міндеттерім» – сынып сағаты.
4. «Кітап сарқылмас рухани қазына» – тәрбие сағаты.

Желтоқсан

1. «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен» – тәрбие сағаты.
2. «Сынып үздігі» – ойын-жарыс.
3. «Әдептілік – адамгершілік пен имандылықтың белгісі» – сынып сағаты.

Екінші блоктың мазмұны бойынша 4 сынып оқушыларына арналған «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен» атты тәрбие сағатының үлгі-жоспарын келтірейік.

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен».

1. Мұғалім сөзі.

2. Динара: – Құрметті ұстаздар мен ата-аналар, бүгінгі 3 «б» сыныбы дайындап отырған «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен» атты тәрбие сағатымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

Назым: Тіліміздің бұлағы,
Тірлігіміздің жүрегі

Арманда кеткен ағалар Сәкен Сейфуллин (Айжан), Ілияс Жансүгіров (Талғат), Бейімбет Майлин (Бақытжан), Мағжан Жұмабаев (Нұрсұлтан), Міржақып Дулатов (Мөлдір), Ахмет Байтұрсынұлы (Жадыра), Шәкәрім Құдайбердиев (Айнұр), Тұрар Рысқұлов (Майра) сынды ұлы ұстаздарымыздың аруағы алдында бас иеміз (сыныптың бас июі).

Нүргүл – (Абай Құнанбаев):

Кең дәурен қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз.
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып.
Бірінді-бірің қадыр-құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Динара: Әр адамда өз анасынан басқа болу керек күдіретті төрт ана.
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы.
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі,
Тағдырына шуақ шашар үнемі.

Назым: Қоқанбаев Бақытжанның орындауында «Елім менің» әні.

Динара: Байлық пен ақыл (көрініс). Автор А.Жүнісова, орындаушылар:
А.Қайранов, Т.Сансызбаев, Б.Қоқанбаев, Н.Нүсіпов.

Бақытжан: Мен жолымды берейін өт, қарағым,
Несін күттің несіне көп қарадың.
Анасының бергенін саған берген,
Аруағынан айналдым текті ананың.

Динара: Жалған-ай, жарасымды-ау ізет деген,
Иілген біз өтпенен сіз өтпенен.
Қасиетін халқының сыйламайды,
Атасының дәстүрін күзетпеген.

Камила: Десек те, жаңа өмір жаңа заман,
Жақсы ғой бірін-бірі бағалаған.
Түйсіксіз тайлақтардан сақта, құдай,
Тайрандап алды-артына қарамаған.

Айнұр: Қарағым, ата-бабаң момын халық,
Өтіпті бір-бірінің жолын бағып.
Өсиетін бабаңның орындай сал,
Одан ешкім кетпейді тонынды алып.

Назым: Батаменен ел көгерер,
Жауынменен жер көгерер.

Бата беру рәсімінен көрініс. Орындаушылар: Б.Қоқанбаев, Ж.Нүсіпбекова,
Т.Сансызбаев.

Өнерлері өрге жүзіп, біздің сыныптың екі оқушысы өнер сайысына жол
жүрмек. Бата сұраймыз (сынып түгел).

Бата беруші Қоқанбаев Бақытжан:

Ай – тәңірің іркілмесін,
Күн – тәңірің күрсінбесін.
От – тәңірің көз ілмесін,
Су – тәңірің безінбесін.
Қатерде Қызыр серігің болсын,
Сапарда дүлдүл көлігің болсын,
Абылайдың байрағын берсін,
Бауыржан батырдың айбарын берсін.

Әумин!

Назым: Қ.Мырзалиев.
Домбыра, мұнша шешен болдың неге,
Күй толған көкірегің шежіре ме?
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе.

Бегендікова Айжанның орындауында «Тойбастар».

Айман: Атам менің әмәнда,
Әдепті жан бол деген.
Ата сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.
Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпей көлденең.
Ізетімен кішінің,
Сәлемдесіп қол берем.

Майраның орындауында Қытай Халық Республикасының әні.

Мөлдір, Арна: Анам маған – үлкенді сыйла деген,
Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.
Үлкендерден ауысқан кішілікті,
Үлкендердің өзіне сыйға берем.

Мөлдір: Атам менің әмәнда,
Кішіпейіл бол деген.
Ата сөзі санамда,
Мақтанбауды жөн көрем,
Өзгелерден өзімді санаймын жоғары,
Артық айтып сөзімді,
Желпінгенім жоқ әлі.

Динара: Нұрланқызы Нұргүлдің орындауында «Туған жер» әні.

Динара: Сөз көркі – мақал.

Салтанат: «Тіліңмен жүгірме».

Айжан: «Қына тасқа бітеді, білім жасқа бітеді».

Арна: «Балаңның білегі ауырса, ананың жүрегі ауырады».

Жадыра: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Айман: «Көп біл, аз сөйле».

Майра: «Жері байдың, елі бай».

Жанар: «Ақылды қария, ағып жатқан дария».

Әнуар: «Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті».

Талғат: «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің».

Бақытжан: «Жақсылыққа жақсылық әр адамның ісі ғой,
Жамандыққа жақсылық ер адамның ісі ғой».

Назым: Жұмалиева Жанардың орындауында «Ана» әні.

Кейінгі уақытта ұмытыла бастаған халқымыздың тағлым тәрбиесі мол ұғымдарының бірі – тыйым сөздер.

Майра: Үйде ысқырма.

Айжан: Босағаға сүйенбе.
Салтанат: Босағаны керілме.
Назым: Нанды баспа, бір қолыңмен үзбе.
Айнұр: Қолыңды төбеңе қойма.
Камила: Тізеңді құшақтама.
Нұрсұлтан: Үйге қарай жүгірме.
Мөлдір: Табалдырықты баспа.
Динара: Көк шөпті жұлма.
Әнуар: Анаңа ауыр сөз айтпа.
Талғат: Бүйіріңді таянба.
Сәуле: Түнде тырнағыңды алма.

Үшінші блокты «Ата-баба дәстүрі – асыл мұра» деп алған себебіміз, баланың отбасынан, мектептегі оқу-тәрбие процесінен жинақтаған тәжірибесін қаншалықты деңгейде меңгергенін осы блок арқылы байқаймыз және оның ата-бабамыздың салт-дәстүріне деген көзқарасын көреміз. Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты қазіргі қоғамымызда еліміздің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін үйрету мақсатында білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер мен жаңалықтар енгізіліп отыр. Атап айтар болсаң, Қазақстан Республикасының «Білім Заңы», «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқушыларға рухани-өнегелі тәрбие берудің тұжырымдамасы» және «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында өз халқымыздың ұлттық-мәдени тәжірибелеріне бет бұруға, өзіміздің тарихи болмысымызды іздеуді жүзеге асыруға, ұлттық батырларымыздың (дара тұлғалардың) атын қалпына келтіруге, ұлттың, халықтың рухани мәдениетінің ескерткіші болып саналатын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды сақтауға және дәріптеуге жетелеуге бағыттталып отыр.

Сондықтан, ата-баба дәстүрінің келешек ұрпақты рухани-адамгершілігі жағынан дамыған азамат ретінде қалыптастыруға әсер етіп, үлкен үлес қосарын ескере отырып, үшінші блокты «Ата-баба дәстүрі – асыл мұра» деп алдық. Аталған үшінші блоктың тақырыбы бойынша оқу жылының 3-тоқсанына оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмысының төмендегідей жоспарын жасадық:

Қаңтар

1. «Қыс қызығы» – қысқы демалысқа байланысты әңгіме өткізу.
2. «Адамшылық шуағы сөнбесін мәңгілік» – пікірталас.
3. «Салауатты ұрпақ – ұлт байлығы» – тәрбие сағаты.

Ақпан

1. «Адамгершілік – асыл қасиет» – сынып сағаты.
2. «Ана тілің – арың бұл» – этикалық әңгіме.

Наурыз

1. «Наурыз – думан» – мерекелік кеш.
2. «Мың бір мақал» – ойын-сабақ.
3. «Әдептілік әлемінде» – салт-дәстүрлерге байланысты сынып сағаты.

Үшінші блоктың мазмұны бойынша жүргізілген сыныптан тыс жұмыстың тағы бір түрі «Наурыз – думан» атты мерекелік кештің үлгі жоспарын ұсынамыз.

Сабақтың тақырыбы: Наурыз – думан.

Сабақтың мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: той түрінде өтіледі. Екі бөлімнен тұрады.

I бөлім – қазақ ертегілерінің кейіпкерлерімен кездесу.

II бөлім – шағын әдеби-әуенді монтаж.

Көрнекіліктер: «Наурыз» нақыштары плакаты, «Наурыз – 2005» қабырға газеті. Қазақ халқының салт-дәстүріне арналған сөздер, мақал-мәтелдер т.б., наурыз көже, 7 түрлі тағам.

Орындайтындар:

1. Жат жерліктер – Юпитер планетасынан келген екеу.

2. Ертегі кейіпкерлері: Қызыр баба, Қарашаш, Алдар Көсе, Қожанасыр, Тазша бала.

Өтілу барысы:

Мұғалім сөзі – Құрметті ұстаздар, ата-аналар, қонақтар. Бәріміздің көптен күткен Наурызымыз да келді. Наурыз тойларыңыз құтты болсын! Ұлыстың Ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді боп, тілектеріңіз қабыл болсын!

I бөлім. Сахнада күшті дауыс естіледі.

– 2010 жылдың 19 наурызында сағат 10.00-де аспан әлемінен белгісіз біреулер кораблі келіп қонды. Қолымыздағы деректерге сүйенсек, олар: «Юпитер» планетасының тұрғындары, корабльдері тарелка тәрізді. Өздері кішілеу, дене бітімі адамдарға ұқсас, бастарында антенналары бар. (Дауыс кілт тоқтады, екі жат жерлік сахнаға шығады, жүрістері баяу).

1-шісі: – Біз қайда түстік?

2-шісі: – Қазір анықтаймыз (қолындағы кнопкалы аппараттарын басады). Біз Қазақстан жерінде, Ақтау қаласының №20 мектебіндеміз.

1-шісі: – Мыналар кімдер?

2-шісі: – Қазір анықтаймыз. Бұлар сол мектептің оқушылары. Қазақтардың ұлы мейрамы – Наурызды тойлап жатыр.

1-шісі: – Тамаша, жақсы болды! (қолын шапалақтап секіреді).

2-шісі: – Жүр, былай тұрайық (орындарына барады).

1-шісі: – Мен бір шолып шығайын (қолында дүрбісі бар, дүрбімен қарап шығады). Мына топқа қараңыз, қазақ ертегілерінің кейіпкерлері ғой. Өне Қызыр баба, Қарашаш, Алдар Көсе, Қожанасыр, Тазша бала келеді (ол дүрбімен көріп отырып айтады).

Көрініс. Сахнаға Қожанасыр шығып, төңірекке көзін сүзіп, қарап тұрады. Артынан Алдар Көсе шығады.

Алдар Көсе: – Әй, әпендім, неғып тұрсың? Аман-саулық қайда?

Қожанасыр: – Әй, Алдар-ай қайдағы амандық? Көк есегіммен келе жатыр едім, әне бір бұрышта «рәкет» деген бір бәлелер тартып алды. Енді, міне, есек те жоқ, базарлық та жоқ (іздеп кете барады).

Осы кезде әндетіп Тазша бала келеді.

Тазша бала: – Айтпаймын өлтірсең де өтірікті,
Бір шалды шыбын теуіп өлтіріпті.

Алдар Көсе: – Әне, Тазша бала келе жатыр. Содан сұрап көрелік.
– Тазша бала, сенің көзіңе базарлық дорбасы бар көк есек түсті ме?

Тазша бала: – Түссе қарап алыңыз, - деп көзін бақырайтып ашады.

Осы кезе сахнаға басқа кейіпкерлер де келеді.

Қарашаш: – Уа, халайық! Бүгін Ұлыстың ұлы күні. Яғни, ақ түйенің қарны жарылған күн – Наурыз мейрамы. Қадірменді жамиғат! Өткен мешін жылына еш өкпеміз жоқ қой?!

Бәрі: – Жоқ-жоқ.

Қарашаш: – Ал, мешін жылы, өзіңе мына жұрт дән риза. Елде тыныштық болды. Жұртыңа не айтарың бар?

Мешін: – Мен де халқыма дән ризамын. Ел іргесі бүлінбеді. Әрқашан бейбіт өмір болсын. Көріскенше күн жақсы!

Қызыр баба: – Армысындар, жамиғат! (қолын жаяды).

Уа құдайым оңдасын,
Әулиең қолдасын,
Кеткенің келсін,
Кемісің толсын,
Ұлысың оң болсын,
Ақ мол болсын!
Қайда барса жол болсын!
Ұлыс бақты болсын!
Ұлыс береке берсін
Пәле-жала жерге енсін!
Мешін жылы тыныштық бердің
Тауық жылы ырыс-құт бер. Әумин! (бәрі бата алады).

Қарашаш: – Қызыр баба, өнерлі өрендеріңіздің өнерін тыңдап көріңіз.

Қызыр баба: – О, жөн-жөн. Тыңдайық (сахна төрінде орындыққа отырады).

Күйшілер тобының орындауында күй ойналады.

II бөлім. Юпитерден келген жат жерліктер.

2-шісі: – Ал, дүрбіні бере тұршы, мен де бір қарап көрейін. Бір топ бала келеді. Кімдер екенін анықташы (өзі қарап отырады).

1-шісі: – Бұлар (кнопканы басып отырып) №24 мектептің 3 «б» сынып оқушылары екен. Наурыз тойына келген сияқты. Өздері көңілді ғой.

Сахнаға бірнеше оқушы шығады.

– Наурыз парсы тілінде – жаңа күн деген сөз.

– Наурыз күні қуанышқа кенелген жұрт аппақ көйлек пен жаңа киімдерін киеді.

– Наурыздың ерекшелігі – бұл күн көрісуден басталады. Ұлыстың ұлы күнінде кісілер бір-бірімен кездескенде:

– Жасың құтты болсын!

- Өмір жасың ұзақ болсын!
- Ұлыс береке берсін!
- Пәле-жала жерге енсін! – деп құттықтап, құшақтасып көріседі.

Төртінші блокты «Табиғатты аялайық!» деп алған себебіміз, табиғаттың әсем көріністері, табиғатты аялауы баланың адамгершілік қасиеттерін дамытып, ішкі жан-дүниесінің рухани баюына әсер етеді. Оқушылардың адамгершілік қасиетін дамытып, оларды парасаттылыққа тәрбиелеуге экологиялық тұрғыдан келудің де баланың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда маңызы зор. Балалардың мейірімділік, қайырымдылық, аяушылық, мүсіркеушілік және басқа гуманистік ерекшеліктерін дамыту бағытында табиғатпен сырласу жеткіліксіз болса, олар рухани-адамгершілік тәрбие алуда белгілі бір мөлшерде қысым көру мен шектеушілікке душар болады. Табиғат, кеңес жазушысы С.Залыгиннің сөзімен айтқанда, адамның «ар-ұят сақтауына табиғатты үнемі ана ретінде еске алып отыруына көмектеседі» - дейді.

Табиғат – сұлулықтың мәңгі бақи таусылмас қайнар көзі, ол эстетикалық тәрбие берудің ең маңызды құралдарының бірі саналады. Ал, бұл рухани-адамгершілік тәрбиемен іштей жалғасып, табиғаттың күйзеліп, күйреуіне қарсы тұратындай адамның қалыптасуына ықпал етеді. Қандай жұмыстың болса да «руханилық жағы» еске алынбаса, табиғат пен адам арасындағы зат алмасуды заңды түрде үйлестіріп отыратын, еңбекке үйрету мен тәрбиелеу саласында орны толмас олқылықтар пайда болады.

Қоғамның дамуы табиғатпен тығыз байланысты. Ғылыми-техникалық прогрестің даму барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылығы арта түсуде. Осы қарама-қайшылық негізінде табиғаттың тепе-теңдігі бұзылды. Демек, адам баласы өмір сүріп отырған қоршаған ортаны бүкіл ғалам бойынша өзгеріске ұшырату қаупі төнді.

Сондықтан қазіргі кезде адам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтарды шешіп, жол табу және оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру педагогика ғылымы мен мектептің басты борышына айналуға соған орай, төртінші блокты «Табиғатты аялайық!» деп алып, блоктың тақырыбы бойынша оқу жылының 4-тоқсанына оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмысының төмендегідей жоспарын жасадық:

Сәуір

1. «Құстарға қамқор болайық» – тәрбие сағаты.
2. «Табиғатым – тағдырым» – сынып сағаты.
3. «Адам және табиғат» – этикалық әңгіме.

Мамыр

1. «Көктем келді, жаз келді, ойнаймыз біз би билеп!» – спорттық жарыс.
2. «Төрт күдірет» – табиғи тіршілік көздеріне байланысты тәрбие сағаты.
3. «Адам – табиғат перзенті» – этикалық әңгіме.

Төртінші блоктың мазмұнына сай жүргізілген сыныптан тыс жұмыстың бір түрі «Құстарға қамқор болайық» атты тәрбие сағатының үлгі-жоспарын ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Құстарға қамқор болайық!

Сабақтың мақсаты: а) Таныс емес құстармен танысу, олар жайлы мағлұмат алу. Азайып кеткен құстар жайлы, «Қызыл кітапқа» енген құстармен танысу. Оларды қамқорлыққа алу. Құстарды топқа бөлу;

ә) Құстар туралы мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді жатқа айту. Ол сөздерді өмірде өз орнымен қолдана білу;

б) «Құстар» деген сөзтізбекті шешу арқылы алған білімдерін бекіту. Шығармашылық жұмыстар жүргізу;

в) Ойын: «Құстарды дыбысы арқылы табу».

Биіктікке секіру арқылы биік ұшатын құстарды білу. Оқушыларды ептілікке, шапшаң қимылға үйрету. Денешынықтыру сабағымен байланыстыру.

Көрнекіліктер: «Бүркіт – құс тәңірі», «Қарға жемтігін басып жейді, ақ сұңқар шашып жейді», «Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ», «Аққуды атуға болмайды, достықты сатуға болмайды» деген қанатты сөздер жазылған плакаттар, орман құстары, тау құстары, су құстары, үй құстары деп топтап салынған суреттер ілу (ол суреттерді алдын ала оқушылардың өздері салған).

Сыныпаралық жарыс мынадай жоспар арқылы жүргізілді.

Жоспар:

1. Екі топқа сұрақ қою арқылы бір-бірінің атын табу (бір-біріне достық сәлемі).

2. Туған жер, құстар жайлы поэзия минутын жасау.

3. Құстар туралы ән айту, би билеу.

4. Құстар әлемінде. Әр топтың қатысушылары құстар жайлы шағын, шебер тілмен әңгіме және мақал-мәтелдер айту.

5. «Құстар» деген сөзтізбек шешу.

6. Ойындар ойнау.

а) Құстар жарысы (биік ұшатын құстар болып секіру);

ә) Құстардың дыбысын салу арқылы қандай құс екенін табу.

7. Қорытынды.

Бағдарлама бойынша жоспарлы жұмыс жүргізу нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының бойында жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, жақсылық пен адалдық, мейірімділік пен жанашырлық, қайырымдылық пен әділдік сияқты сезімдерін тәрбиелеп, достық, жолдастық туралы түсініктерін арттыруға болады. Ал, бұл жұмыстың жүзеге асуы дұрыс таңдап алынған тәрбие әдістеріне байланысты.

Тәрбие әдістері туралы айтқанда, оқушыларға тәрбиелік ықпал етудің негізгі жолдары, жоғары моральдық қасиеттерін, көзқарасын қалыптастыру мақсатында олардың өмірі мен қызметін ұйымдастыру тәсілдері ескеріледі. Тәрбие әдістері мұғалімнің, тәрбиешінің қолындағы аспап, мұғалім мен оқушының өзара байланысты қызметінің күрделі комплексі. Енді, тәрбие әдістеріне және құралдарына тоқталайық.

Адамгершілік қадір-қасиеттерді қалыптастыру процесін жетілдірудің ең маңызды бағыты, оқытуды қоршаған өмір болмысымен, әлеуметтік жағдайлармен, өндірістік немесе шаруашылық еңбекпен байланыстыра отырып, мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуге деген мұқтаждықтарын өз-өзіне қызмет көрсету және өздеріне лайық қоғамдық пайдалы еңбекке араласуға деген ықыластығын оятуға ықпал етуге бейімдеп құру.

Мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұндық жүйесін, мектептік оқу-тәрбие процестерінің тиімділігін арттыруға бағыттап қайта құру, жас ұрпаққа саналы тәрбие берудің алдағы міндеттерін шешуге бағытталған негізгі бағыттары, әдістері, бүгінгі мектеп өмірінде жүргізіліп жатқан реформаның стратегиялық бағдарламасының негізгі мазмұны болуы да сондықтан.

Мектеп оқушыларының мінез-құлықтық тәртібін, адамгершілік қадір-қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық міндеттерді қамтитын тәрбиелік іс-шаралардың мектептен, сыныптан тыс формалары мен әдіс-тәсілдері сан алуан. Әр жастағы мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық құралдары мен тәсілдерін мақсатты түрде анықтап, оның оқу, білім беру мазмұны мен тікелей байланысын, әсер ету деңгейін айқындап отыру тәрбиеші ұстаз үшін маңызды іс.

Рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнын қоғамды, әлеуметтік деңгейде жандандыру, оның заңдылықтары мен қайшылықтарын ашатын адамгершілік тәрбие жөніндегі педагогикалық жұмыстардың әдістемесін жетілдірумен тығыз байланысты. Қазіргі кезде жалпы тәрбие жұмысы әдістемесін адамгершілік тәрбие теориясы мен практикасына сүйенетін, дербес педагогикалық пән ретінде бөліп қарастыру тенденциясы пайда болуда.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жүйесін интеллектуальдық көзқарасқа негіздеп, тәрбиелік білімнің ролін көтерер болсақ, онда мінез-құлықтық көзқарас жүйесінде бұл басқаша сипат алады. Мұндай жағдайда мұғалімдер практикалық тәрбие жұмыстарында мораль теориясын бұрмалап, эмпиризм позициясына тап болар еді. Яғни, барлық тәрбие жұмыстары тек жекелеген іс-шаралармен шектеліп қалады. Демек, бұл екі көзқарасты жекелей алғанда сапалы табысқа жетелемейді.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, бір жағдайда білім деңгейінің жоғары болуы адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етсе, екінші жағдайда қайшылықтарға тірейді. Мысалы: кейде білім адамгершілікке жатпайтын қылықтарды жасырып-жабатын өзінше бір кездейсоқ та рөл атқара береді. Бір жағынан білім мен мінез-құлық негізін құрайтын адамгершілік білім жүйесінің болмауы жүріс-тұрысқа да кері әсер етеді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды жүзеге асыруда мынаны ескерген жөн: тәрбиеленген тұлғаның мәні білімді, дағдыны және жағымды мінез-құлық әдеттерін құрайды. Мұндай тұлға өзін қоршаған ортамен, басқалармен өз бетінше қарым-қатынас жасай отырып, белгілі бір қалыптасқан мінез-құлық тәжірибесін жинақтай алады. Жеткіншек ұрпаққа

тәрбие берудің педагогикалық бағыттары мен әдістерін таңдау барысында олардың бойына асқақ адамгершілік қадір-қасиеттерді қалыптастыру негізінде, заман талабына сай әлеуметтендіру мәселелері назардан тыс қалмауы тиіс. Өйткені, мектеп оқушыларының әлеуметтік бітім-болмысы көбіне көп, оның адамгершілік тұрпаты арқылы анықталады. Сондықтан, адамгершілік тәрбие беруде мұндай көзқарас айрықша маңызға ие.

Оқушының жоғары адамгершілік қадір-қасиеттерін және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда оның өзіндік тұлғалық, психикалық, физиологиялық болмысы мен бүгінгі күнге дейін қалыптасқан мінез-құлқы көп әсер етеді. Жеке тұлғаның адамгершілік болмысы субъективтік жағынан алғанда белгілі бір мінез-құлық дағдысына икемделген. Әрбір оқушы өзінің ерік-жігеріне, бітім-болмысына қарай өзіндік адамгершілік мінез-құлқымен танылады. Ол, қоғамның бір мүшесі бола отырып, өмірден, жеке қарым-қатынастан, ғылыми ізденістердің нәтижесінен түйінделген принциптік нормалар мен ережелерге сүйенеді, сонымен бірге, өздерінен бұрынғы тәжірибелерді мұра етіп ала отырып, сол негізде өзінің жеке басын қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік тәжірибені игеру белсенді шығармашылық үрдіс. Әрбір жаңа ұрпақ бұрынғы адамгершілік қадір-қасиеттерге деген өздерінің жаңа әрі жеке көзқарастарын айқындай отырып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, дәуірдің талаптарымен ұштастырылған түзетулерін енгізіп отырады.

Өскелең ұрпақтың бойындағы жоғары адамгершілік қасиеттері отбасының, мектептің, белгілі бір қоғамдық ортаның, бұқаралық ақпарат құралдарының, басқалай да тәрбие көздерінің ықпалымен қалыптасып отырады. Қоғамның әлеуметтік салауатты өмір мен мектептегі тәрбие жұмыстарының мазмұндық жағынан үйлесімді сабақтастықта болуы оқушының адамгершілік қадір-қасиеттерінің қалыптасуына, азаматтық ой-санасының өсуіне, этикалық, нормаларға тән мінез-құлқын тұрақтандыруға маңызды ықпал етеді. Күнделікті мектеп өмірінде туындап жататын қоғамдық пікірлер рухани-адамгершілік тәрбиеге және оқушының өзін-өзі тәрбиеленуіне игі әсерін тигізеді.

Еңбек – адам тұрмысының негізі. Әртүрлі еңбек түрлері арқылы мектеп оқушының қоғамдық келбетін, оның еңбекке деген өзіндік құлшынысы мен қарым-қатынасын қалыптастырады. Тәрбие негізін көп жағдайда қоғамдық мәні бар, шығармашылық сипаты бар, түрлі іс-әрекеттер барысында жүзеге асатын еңбек процестері құрайды. Мектептегі «Оқушы еңбегі міндетті түрде қоғамдық пайдалы еңбек болуы тиіс. Ғылыми принциптерге, қазіргі заманғы техника мен технологияға, педагогика мен психология нұсқаларына сүйенетін мұндай еңбекті ұйымдастыру арқылы техника ережелерін сақтауға, балалар денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндіктер туады, әрі бұл халыққа білім беру бөлімдерінен, мектептерден, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық салаларынан көп жауапкершілікті талап етеді. Мектеп оқушыларының саналы дүниетанымдық көзқарасын байытатын ең басты еңбек түрі – оқу, білім негізін игеру. Сол сияқты тәрбие жұмыстары да айрықша маңыз алады. Онсыз оқушының адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы мүмкін емес. Жүргізілген

зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, мектеп оқушыларына арналған сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда жеке тұлғаның қалыптасуына кері әсер ететін бір қатар кедергілер де бар.

Мектеп ұжымы тарапынан сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жоспарлауда, ұйымдастыруда жалпылама науқандық іс-шараларды қуып кетушілік, немқұрайлылық сияқты келеңсіздіктердің орын алуы, мектеп оқушыларының жекелеген топтарының бойында тәрбие жұмыстарына селқостық қатынастың тууына себеп болуда. Осындай олқылықтар салдарынан, оқушылардың мектептен және сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларға деген қатынасының белсенділігі төмендейді, нәтижесінде моральдық нормаларға жат теріс қылықтарға еліктеу, көшелік жүріс-тұрыстарға салыну т.б. оғаш әрекеттерге бой ұруға барады.

Мұндай қылықтардан балаларды аулақ ұстау үшін мектеп ұжымдары мектептен тыс, балалар мекемелерімен заң және құқық қорғау орындарымен, ғалымдармен шығармашылық одақтар өкілдерімен тығыз байланыса отырып, тәрбие жұмыстарын мақсатты түрде жоспарлап, күнделікті жүргізіп жатуы тиіс. Жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға екі жақ та мүдделі және екі жақ та тек бірлесе қимыл-әрекет жасағанда ғана оң нәтижелерге қол жеткізе алады.

Мектептік тәрбие мен мектептен тыс балалар мекемелерінің мақсатты бірлігінсіз рухани-адамгершілік тәрбие тиімділігіне қол жеткізу мүмкін емес. Алайда практика жүзінде олардың бір жағы, мысалы, қоғамдық практика нәтижелеріне сүйену арқылы жеке тұлғаның белсенді әрекет етуіне белгілі бір деңгейде ықпал етіп, адамгершілік тәрбие процесінде тиімділікке қол жеткізуі мүмкін. Осындай өмірлік позицияны, қалыптасқан адамгершілік нормалар мен мінез-құлық ережелеріне сәйкес, жүзеге асыруды, мектептік тәрбиемен ұштастыра жүргізуді қамтамасыз ететін сындарлы тәрбиелік жүйе жасалуы шарт.

Бақылау көрсетіп отырғандай, мектеп оқушысының рухани-адамгершілік құндылықтары олардың әр түрлі ұжымдар мен топтар арасында ұстанған позициясына сәйкес қалыптасып отырады. Қоғам мүшелері арасында жаңа қоғамдық-нарықтық қатынастарды қалыптастыру адамгершілік тәжірибелерді насихаттауда игілікті жағдайлар туғызады. Ондай қатынастарға белсене араласа бастаған жас ұрпақ өзіндік мінез-құлықтарының жақсы жақтарын қалыптаса бастаған биік адамгершілік сипаттар арқылы байыта бастайды. Мұндай процесс объективті жағдайларға (қоғамдық қатынастар, принциптер, нормалар, ережелер) және субъективті жағдайларға (білім, көзқарас, қажеттілік, мүдде, әдет) сәйкес келеді. Мектептің міндеті рухани-адамгершілік тәрбиесінің әрбір оқушы үшін жеке ішкі қажеттілігіне айналуына үлес қосу. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастырушылар қозғаушы күш болып табылатын дамудың субъективті факторларына ықпал ететін күштің де бар екенін ескеруі тиіс. Олар: 1) ынта-қабілеттің мұрагерлік қоры; 2) жеке өмір барысында қалыптасқан мінез-құлық стереотипі; 3) рухани қажеттілік.

Бәрімізге белгілі адамның белгілі бір мінез-құлқы мен болмысы көп жағдайда атадан балаға мұра болып қалатын мінез-құлық қалпына байланысты. Сәби мұрагерлік жолмен үлкендердің ата-анасының жүйке жүйесінің анатомиялық-физиологиялық қасиеттерін өз бойына дарытады. Мұндай жолмен дарыған жүйке жүйесі түрлі жағдайлармен қатар ішкі сезім толғаныстарына да әсер етеді. Мәселен, мұрагерлік жолмен берілген сезімге сәйкес жүйке жүйесінің «ой-саналық» немесе «көркемсуретті», сондай-ақ «аралық варианттары» пайда болады.

Биік рухани-адамгершілік құндылықтар мен адамгершілік қадір-қасиет, сезімдерге толы дүниетанымға ие болу, адамның бүкіл рухани дүниесінің жаңа сапа дәрежесіне өткенін көрсетеді. Ерте қабылданған рухани-адамгершілік құндылықтар белсенді түрде жаңадан қалыптаса бастаған дүниетаным әсерімен идеялық жағынан баий түседі. Соның нәтижесінде олар тереңдігі жағынан да, ақылдылығы жағынан да тек моральдық қана емес, сондай-ақ басқа адамдарға деген сүйіспеншілікке толы гуманистік идеялармен нәрленген жаңа сапаға да ие болады.

Тәрбие жұмысының мазмұнындағы кешенділік, әрине, тәрбие берудің әр түрлі бағыттарын (жақтарын) жай жалғастыру емес, тәрбиенің тұтастығын, жүйелі бірлігін қамтамасыз ететін жетекші, негізгі бағыттарын өзара ұштастыруды көздейді. Идеялық, моральдық, этикалық үлгілі еңбек және рухани-адамгершілік тәрбиесі осындай бір-бірімен ұштастырылатын бағыттар болып табылады. Бұл, әрине басқа бағыттардың құнын төмендету деген сөз емес. Жеке адамның жан-жақты дамуы ақыл-ой, дене тәрбиесін, эстетикалық, этномәдениет тәрбиесін міндетті түрде талап етеді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды тәрбие беру түрлерінің барлық нысандарымен бірлікте, байланыста кешенді жүргізу, тәрбиеленушілердің санасына да, мінез-құлқына да, олардың тіршілік қызметіне де бір мезгілде ықпал жасауға және жеке адамның тұтас дамуына мүмкіндік береді. Өнегелік, үлгілік рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру процесінде тәрбиеленушілерге олардың практикалық іс-әрекеттерінің, күнделікті мінез-құлқының негізі бола алатындай сенімді қалыптастырудың маңызы зор, ал оның өнегелі тұлғаның мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруға, сананы дамытуға жетелейтіні белгілі. Мұның бәрі тәрбиеленушілердің санасы мен мінез-құлқына тәрбиелік ықпал ету құралдарын кешенді түрде топтауды талап етеді.

Тәрбиені кешенді жүргізу өнегелік, үлгілік, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жұмыстарының, бәрін шығармашылық мәндегі еңбекке қабілетті, жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыруға бағдар тұтуды білдіреді. Демек, мектептік тәрбие жүйесіндегі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру – оқушыларға ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды игерту негізінде, олардың тұлғалық болмысының, санасы мен мінез-құлқының қоғамдық, әлеуметтік, мораль талаптарына сай мақсатты және жүйелі түрде қалыптасуын қамтамасыз ететін педагогикалық, психологиялық процесс.

Мектептік тәрбие жүйесіндегі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелерін зерттеуші ғалым-педагогтар: 1) мектеп оқушылары бойында рухани-адамгершілік сананы қалыптастыруды; 2) рухани-адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту; 3) рухани-адамгершілік мінез-құлықтық біліктіліктер мен дағдыларды тәрбиелеуді бұл саладағы тәрбие жұмысының басты бағыты, негізгі міндеттері ретінде белгілейді. Сонымен бірге, зерттеушілер, бұл процесс оқушылардың жас және психикалық даму ерекшеліктеріне қарай, бірізділікпен, мәндік, мазмұндық сабақтастықта, төмендегідей танымдық, білімдік, тәрбиелік мәселелерді шешу арқылы жүзеге асырылуы тиіс деген педагогикалық нұсқауды ұсынады. Олар:

- жеке тұлғаның түрлі қатынастарға ену арқылы қоғамдық құбылыстарға араласатынын, қоғам өмірімен жан-жақты байланыста болатынын және оған тәуелділігін, сондықтан қоғамдық мүдделерге сәйкес мінез-құлық тәртібін үйлестірудің қажеттігін;

- адамгершілік мұраттармен, қоғамдық талаптармен, заңдылықтармен және олардың ақылға қонымдылығымен;

- адамгершілік білімдерді адамгершілік сезімдерге айналдыруды көздеумен сенімдердің жүйесін жасаудың қажеттілігін;

- тұрақты адамгершілік сезімдер мен адамгершілік сапаларды қалыптастыруды;

- адамдар арасындағы адамгершілік қатынас мәнін игерту негізінде, адамдарға деген құрметтілік сезімдерді қалыптастыруды;

- ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды игеру және өз тәжірибесінде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.

Қазіргі мектепте рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселесі елеулі өзгерістерге ұшырауда, өйткені жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық рухани мәдениет үлгілерін үйлестіре тәрбиелеудің аса қажеттілігі туып отыр. Кез келген қоғамдағы басты құндылық – өмір. Адамның өмірге деген құқығы киелі, әрі берік. Бала басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына және өз өміріне қастандық жасауға болмайды деген шындықты ана сүтімен бойына сіңіру керек.

Әрбір ата-ана қоғам қажеттілігіне сай бала бойында рухани-адамгершілік құндылықтар мен мәдениетін тәрбиелеуі керек. Бұл жұмыс ата-аналар мен білім беру мекемелердің арасындағы тығыз байланыс нәтижесінде жүзеге асады.

Біз осы талапты басшылыққа ала отырып, жергілікті жердің менталитетіне байланысты ата-аналармен жұмыстың тиімді түрлерін тандап алумен қатар, тұрақты байланыс орнаттық. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беруде ата-аналардың ролі зор болды. Оның дәлелі ретінде, эксперимент жүргізіліп отырған мектептердің бастауыш сынып жетекшілерінің оқушылардың ата-аналарымен өткізілетін жұмыстың түрлерін жоспарлап жүзеге асырғанын айта кеткен орынды. Мысал ретінде: «Отбасы – тәрбие бастауы» атты ата-аналарға арналған кеңес, ата-аналардың көмектесуімен 4 сынып оқушылары арасында өткізілген жарыс,

дөңгелек үстел, «Ата-баба дәстүрі – асыл мұра» атты озат отбасылық тәжірибені ата-аналар арасында тарату, тағы да басқа шараларды атауға болады. Мұғалімдердің ата-аналармен байланысын дамытатын бұдан басқа да жұмыс түрлері жоспарланып, ұйымдастырылды.

Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың табысты орындалуы үшін, адамгершілік нормаларының белгілі бір түрлерінің оқушылардың бойында, атап айтқанда, іс-әрекет үстінде, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас барысында, ұлтаралық қатынастағы басқа ұлт өкілдеріне деген құрмет пен сыйластық сезімдерінде, сондай-ақ биік адамгершілік қадір-қасиеттердің ең қарапайым нормалары болып саналатын әдептілік, қарапайымдылық және сыпайылық, үлкенге ізет, кішіге қамқоршылық түрлерінде нышан беріп, көрінуін моральдық сана тұрғысынан сапалығын үнемі байқап, реті келгенде өнегелік үлгі ретінде мадақтап, көтермелеп отыру қажет.

Оқушыларды адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудің нәтижелілігі, олардың бойына биік адамгершілік мінез-құлық нормаларын сіңдіруге және моральдық сананың қалыптасуын жақсартуға ықпал етуші – нақты орта, объективті жағдай мен субъективтік факторларды (оқу-тәрбие процесі, қарым-қатынас, көзқарас, т.б.) үнемі есепке алып отыруға да тікелей байланысты. Бұл мәселе, мектептік оқу-тәрбиесі жүйесі арқылы адамгершілік тәрбие берудің міндеттерінің бір саласы. Сондықтан, мектеп ұжымынан, ұстаздардан жеткіншек ұрпаққа сапалы білім берумен бірге, олардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістері мен тәсілдерін нақтылы анықтай отырып, тәрбиелік іс-шараларды жүргізуде тиімді пайдалана білуі, сол міндеттерді жүзеге асырудың алғы шарттары болып табылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені, сан ғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мазмұнын жаңғырту бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу процесінде әлеуметтік ортаның (мәдениет пен өнер, баспасөз бен көркем әдебиет, кино-теле-радио хабарлары, концерт бағдарламалары, бейне жазулар, бейне фильмдер т.б.) тәрбиелік ықпалын арттыру сияқты жаңа талаптар қояды.

3. Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың әдістемесі

Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мұғалім қызметінің негізгі бағыттарын айқындап және сыныптан тыс жұмыстарды сол бағыттар бойынша ұйымдастыру маңызды болып табылатындығын дәлелдеу мақсатында осы мәселеге егжей-тегжейлі тоқталып өтуді жөн санадық.

Бастауыш мектеп мұғалімінің қызметіне тоқталайық: мұғалім-оқушы.

Қазіргі демократиялық қоғамда адамдар арасындағы рухани-адамгершілік қарым-қатынас балаларға жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік нормаларды саналы игертуге басты назар аудару қажеттігін айқындайды. Қоғам өміріндегі

өзгерістер мектептегі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың мазмұнының бағыттарын жаңартуды талап етеді.

Бастауыш мектеп (1-4 сыныптар) оқушысының рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастырудағы мұндай бағыттардың бірі біртұтас бағыт болып табылады, яғни кіші мектеп оқушысының рухани-адамгершілік бейнесін міндетті жүйелі қалыптастыруды енгізу. 1-4 сынып оқушыларына мораль негіздерін оқыту кіші мектеп жасындағыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің басты бөлімі болып табылады. Олар төмендегідей мақсатты және мазмұнды міндеттері бойынша мектепте сатылап оқытудың басты екі негізгі курсы түрінде жүргізіледі:

I саты: 1-2 сыныптарда – «Рухани-адамгершілік әліппесі» курсы – бұл кіріспе бөлімі балаларда адамгершілік туралы жүйелі бастапқы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған, яғни мінез-құлық ережелерін үйрету процесінде «жақсылық-жамандық» және шындық, адалдық, әділдік т.с.с. адамгершілік ұғымдарын игерту. Сабақты көркем әңгіме, көркем-эмоционалдық және музыкалық безендендіру, қойылым, этюд, фантазия элементтерімен ойын түрінде өткізу негізгі орын алады.

II саты: 3-4 сыныптарда – «Жүрек жылуы тәрбиесі» курсы өткізіледі. Оның мазмұны балалардың ары қарай негізгі адамгершілік сана ұғымдарын, адамгершілік ережелері жүйесін, сонымен қатар эмоциялық жанашырлық тудыру арқылы адамгершілік тәрбиесін беретін жәйттерді меңгертуге бағытталған.

Рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы бұл курс жүйесі бастауыш мектеп оқушыларының оқу әрекетімен, сабақтан тыс қызметтерімен тығыз байланысты және тәрбие үрдісінде балаларды шығармашылық тану мен мораль нормаларын игеруге бағыттайды.

«Рухани-адамгершілік әліппесі» курсының бағдарламасы (1-2 сыныптар).

Бала адамзат қатынасының маңыздылығын және кереметтілігін сезінуге, өзінің моральдық көзқарастарын айқындауға, адамгершілік жақсы қылықтар жасауға үйренуге мүмкіндік алатын адамгершіліктің арнайы сабақтарының қажеттілігі.

Берілген «Рухани-адамгершілік әліппесі» курсы бастауыш мектептің 1-2 сынып оқушыларына арналған. Бастауыш сынып жетекшілеріне және кіші мектеп жасындағы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың біртұтас жүйесін жасауда көмекші құрал болып табылады. Бұл курс балаларда рухани-адамгершілік түсініктерінің қалыптасуының негізі болып табылады және кіші мектеп жасындағылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмыстарын ары қарай дамытуда аса маңызды роль атқарады.

Сабақтарды ұйымдастыру формалары мен әдістері әр түрлі болуы мүмкін, яғни дәстүрлі сабақпен бірге этикалық әңгімелер, ойындар, әркілы әрекет түрлері, адамгершілік тақырыптарына диалогтар, жағдаяттарды өткізу мен

талдау, адамгершілік тақырыптарына суреттер салу сияқты сабақтарды атауға болады.

Сонымен бірге, бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы мұғалім қызметінің негізгі бағыттарын айқындап және сыныптан тыс жұмыстарды сол бағыттар бойынша ұйымдастыру маңызды болып табылатындығын дәлелдеу мақсатында осы мәселеге егжей-тегжейлі тоқталып өтуді жөн санадық.

Қазіргі кезеңде өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері аймағымыздағы жаңа әлеуметтік-педагогикалық жағдаяттарға байланысты және моральға деген қарым-қатынастардың өзгеруіне, ондағы жалпыадамзаттық құндылықтардың мүмкіндіктеріне айрықша мән беру, қоғамдық өмірдегі адамгершілік қарым-қатынас бастамаларының туындауының қажеттілігі ерекше маңызға ие болып отыр. Сондықтан, жалпы білім беретін мектептердің қазіргі кезеңдегі даму сатысында бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы мұғалім қызметінің негізгі бағыттарын анықтау – оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің теориясы мен тәжірибесінің ең көкейкесті міндеттерінің бірі. Ол мәселелерді түпкілікті шешу жас ұрпақты тәрбиелеудің одан әрі дамуы үшін практикалық және әдістемелік жағынан маңызды болып табылады.

Мектеп – балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды ұйымдастырудың және бұл үрдістің мектептен тыс, сонымен бірге отбасында жүзеге асуына әсер ететін басты орталық. Соған байланысты, мұғалім рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ете алуы үшін психологиялық-педагогикалық біліммен қаруланған болуы тиіс. Сондай-ақ, адамгершілік қарым-қатынастың төмендегі бағыттарын ұйымдастырып жүзеге асыратын әдістемесін және ақпараттарын меңгеруі керек:

а) мұғалім-оқушы; ә) мұғалім-ата-ана; б) мұғалім-мұғалім.

Бұл бағыттардың өзара әрекеттесуі бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда жақсы нәтижелерге жетуге септігін тигізеді. Бастауыш мектеп жетекшісінің рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы қызметінің тиімділігі оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің көрсеткіштері бойынша бағаланады.

Мектептік тәрбие мен мектептен тыс балалар мекемелерінің мақсатты бірлігінсіз рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың тиімділігіне қол жеткізу мүмкін емес. Алайда практика жүзінде олардың бір жағы, мысалы, қоғамдық практика нәтижелеріне сүйену арқылы жеке тұлғаның белсенді әрекет етуіне белгілі бір деңгейде ықпал етіп, рухани-адамгершілік тәрбие процесінде тиімділікке қол жеткізуі мүмкін. Осындай өмірлік позицияны, қалыптасқан рухани-адамгершілік нормалар мен мінез-құлық ережелеріне сәйкес, жүзеге асыруды, мектептік тәрбиемен ұштастыра жүргізуді қамтамасыз ететін сындарлы тәрбиелік жүйе жасалуы шарт.

Бағдарлама жеті тақырыпты қамтиды – материалдар мен тараулар бірінші сыныпта басталып, екінші сыныпта тереңдетіледі және кеңі түседі. «Адамгершілік әліппесі» курсының әрбір тарауының оқу сағатының жалпы апталық жүктемесінен әрбір сыныпқа бір сағаттан бөліп өткізуге кеңес беріледі.

Кесте 2 –«Рухани-адамгершілік әліппесі» тәрбие курсы бағдарламасының мазмұны

р/с	«Рухани-адамгершілік әліппесі» курсының бөлімдері (тақырыптар атауы)	Сыныптар	
		1-ші	2-ші
1	Рухани-адамгершіліктің алтын ережелері (адамдардың қарым-қатынас мәселелері)	2	2
2	Рухани-адамгершілік мінез-құлық әліппесі	2	2
3	Әдептілік	2	2
4	«Дені саудың – жаны сау»	2	2
5	Менің рухани-адамгершілік әліппем (жалпы қорытындылау сабақтары - әрбір тақырып өтілгеннен соң ашылады)	2	2
	Барлығы:	10	10

Курстың міндеттеріне және тақырыптарына бөлінген сағаттарын есепке ала отырып, әрбір мұғалім сыныптағы пәндердің ерекшеліктерін және өзінің жеке білімін, іскерліктері мен дағдыларын, сонымен қатар әдебиеттерді ескеріп, курстың нақты күнтізбелік-тақырыптық жоспарын құрастырады.

1 тақырып. Рухани-адамгершіліктің алтын ережелері (адамдардың қарым-қатынас мәселелері).

«Рухани-адамгершілік ережесі» түсінігімен таныстыру. Рухани-адамгершілік ережелерінің түрлері. Оқушылардың мінез-құлық ережесі. Сыпайылық ережесі. Достық және жолдастық ережесі. Ынтымақтастық жұмыс ережесі. Адал ойын ережесі және басқалар.

Балалардың рухани-адамгершілік қатынасы туралы түсінік және олардың бағыттары мен түрлері. Рухани-адамгершіліктің алтын ережесі. Жанашырлықты және өзара көмек формаларын тәрбиелеу. Үлкендерге құрметпен қарау. Балалардың мүліктерге мұқияттығын қалыптастыру. Айналасындағыларға әділ және адал қатынас туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың өзара қатынастарының басқа формалары.

2 тақырып. Рухани-адамгершілік мінез-құлық әліппесі.

Рухани-адамгершілік және мәдени мінез-құлық. Рухани-адамгершілік мінез-құлық түсінігі – мәдени мінез-құлық ретінде. Мінез-құлық мәдениеттілігі – тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарының көріну формасы ретінде: адалдық, әдептілік, зейінділік, мейірімділік және басқалар.

Қарым-қатынас және оның формалары (сөздік және сөздік емес). Коммуникативтік іскерліктердің қалыптасуы (тіл табыса алу, тыңдау және өзгені тыңдай білу, зейінді болу, айналадағылардың көңіл-күйін және сезімін түсіну, өз қылығы мен өзгелердің қылығын ұғыну). Қарым-қатынас мәдениеті

(адамдарға адал қатынас, айналасындағылармен сыпайы болу, қамқорлық, дөрекіліктің болмауы және басқалар).

Қоғамдық орындардағы мінез-құлық. Еңбек мәдениеті (жеке заттарын ұқыпты ұстау, сабаққа дайындалатын орнын тәртіпке келтіріп ұстау, заттарға мұқият қарау және басқалар), еңбектегі тәртіптілік.

3 тақырып. Әдептілік.

Дұрыс қарым-қатынас жасау ережесі – көшедегі, үйдегі, мектептегі, театрдағы, қонақтағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтау. Осы ережелердің өмірдегі және қарым-қатынастағы сипаттамасы.

Адамдармен амандасу түрлері. Жолдастары, таныстары және бейтаныс адамдармен сөйлесу. Адамдарға өтініш жасау түрлері және жағымды, жағымсыз хабарларды жеткізу. Сөйлеу мәдениеті. Телефонмен сөйлесу әдептілігі. Қонақжайлылық әдептілігі. Қонақта өзін-өзі ұстай білу. Нақтылық ережесі. Дастарқан басында өзін-өзі ұстау. Театрда және басқа қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау.

4 тақырып. «Дені саудың – жаны сау».

Дене шынықтыру – дене және психикалық күштердің қалыптасуына бағытталған арнайы жаттығулар мен спорттық әрекеттер жүйесі. Дененің дұрыс дамуына әсер ету. Дене дамуы мен рухани дамудың үйлесімділігі. Қозғалтқыш сапалардың дамуы (күштілік, ептілік, жылдамдық және т.б.).

Рухани-адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы (батылдық, ержүректілік, табандылық, шыдамдылық, жауапкершілік, тәртіптілік, талап қоюшылық, өзара көмекке келу, ұжымшылдық және тағы басқалар).

5 тақырып. Менің рухани-адамгершілік әліппем.

Әр тақырып бойынша игерген материалды қортындылау. Мектеп оқушысының өз өміріндегі жеке тәжірибесін меңгерілген рухани-адамгершілік қасиеттер тәжірибесімен толықтыруы. Балалардың рухани-адамгершілік шығармашылығы. Жинақталған рухани-адамгершілік білімдерін шынайы өмірде қолдану. Рухани-адамгершілік мәселелеріне байланысты туындаған сұрақтар бойынша ашық дискуссия.

«Жүрек жылуы тәрбиесі» курсының бағдарламасы (3-4 сыныптар).

Бағдарламада бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік білімін, түсініктерін және пікірлерін, сонымен қатар кіші мектеп жасындағылардың рухани-адамгершілік сезімдеріне әсер ететін рухани-адамгершілік жәйттерді қалыптастыруды қарастырады. Сондай-ақ, бастауыш сынып мұғалімдерінің балалардың арасындағы рухани-адамгершілік өзара қатынасын, өзара көмегін, басқаларға деген мейірімділік сезімін біртіндеп өңдеуіне бағыт береді.

Курстың мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік бейнесін қалыптастыру және дамыту.

Курстың негізгі міндеттері:

- 1) Рухани-адамгершілік білімдерді, түсініктерді және ұғымдарды меңгерту.
- 2) Тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

3) Кіші мектеп жасындағыларды ізгілікті қылықтар мен сезімдерге тәрбелеу.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін төмендегі компоненттерді қамтитын жүйе қажет:

- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай этикалық курс сабақтары;
- педагогтардың оқушылармен күнделікті қарым-қатынасы мен іс-әрекетінде қолданылатын «этикалық күш» педагогикалық әдістемесі;
- әдептілікке бағдарланған балалардың сыныптан тыс әрекеттері.

«Жүрек жылуы тәрбиесі» курсына тәрбие адамгершілік тұлғаны қалыптастыратын және дамытатын біртұтас үрдіс ретінде қарастырылатын болса, рухани-адамгершілік тәрбиесі біртұтас бағыт ретінде жүзеге асырылады.

Мұғалім осы бағдарламамен жұмыс жасай отырып, сабақты өткізудің әртүрлі әдістемелік формаларымен тәсілдерін қолданады: рөлдік ойындар, диалог, шығармашылық күнделігін жүргізу, жәйттерді ойнау және талдау, талқылау, әдептілік әңгімелер, моралдық таңдау жасалатын жәйттер, «этикалық күш» немесе «мейірімділік күші», көркем әдебиет үзіндісін талқылау және т.б. «Жүрек жылуы тәрбиесі» курсы жыл бойына оқыту барысында әрбір сынып үшін жалпы апталық жүктеме бойынша бір сағаттан өтуге ұсынылады.

Кесте 3 – «Жүрек жылуы тәрбиесі» тәрбие курсы бағдарламасының мазмұны

р/с	Курс тақырыптары	Сағат саны	
1	«Менің отбасым»	2	2
2	«Адам табиғаты»	2	2
3	«Өзіңді таны»	2	2
4	«Мейірімділік пен зұлымдық»	2	2
5	Курстың жалпы қорытындылау сабағы	2	2
	Барлығы:	10	10

Мұғалім өз бетінше сағат сандарын бағдарламаның тақырыптарына байланысты бөлуіне, сонымен қатар оқушылардың тәрбиелілік деңгейі мен жеке дара ерекшеліктерін есепке ала отырып, сондай-ақ өз материалдарына лайық бағдарламаның жекелеген сұрақтарын ауыстыруына және өзгетуіне болады.

Тақырыптық жоспар:

1 тақырып. «Менің отбасым».

Міндеттері:

1. Өзін өзі тану құндылығын және қажеттілігін ашу.
2. Тарихи шежіресі мен ата-бабасын құрметтеуге және дәріптеуге үйрету.
3. Адамның ойлауының қалыптасуына айналасындағылардың әсерін көрсету.

Сабақ жоспары:

1. Отбасы – ошақ қасы.
2. Мен және менің туыстарым.

3. Менің тегім.
 4. Жеті ата – шежірем.
 5. Тарихи шежіренің тәрбиелік мәні.
- Сабақты қорытындылау.

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Жеті атанды ата және төмендегі сұрақтарға жауап бер:

- сенің мінезің қайсы атанның мінезіне ұқсайды және неліктен деп ойлайсың?

- ол сенің мінез-құлқыңның қандай белгілерінен байқалады?
- өзіңе ата-бабаның қандай жақсы құндылықтарын сіңірдің?
- жеке басыңда қандай тұлғалық жақсы қасиеттер сақталған?

2. Өзіңді ағаш деп елестетіп, суретін сал. Тамырдың тұсына тумаластарыңның, ал ағаштың басына өзіңе тән қасиеттерді сипаттап жаз және оларды салыстыр.

3. Оқушыларды екі адамнан топқа бөлуді ұсынып, олардан өз шығу тектерін қалай жазғандығы туралы талқылау.

«Менің отбасым» тақырыбы бойынша өткізілген сабақтың соңында балаларда төмендегідей білімдер игерілуі тиіс:

- өзінің шығу тегі туралы тарихи мәліметтер;
- туыстарына тән жеке басының сипаттары;
- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін адамгершілік қасиеттердің механизмдері (жанашырлық, еңбекқорлық, ерік күші, оптимистік, және басқалар).

Негізгі іскерліктері:

- отбасының салт-дәстүрлері туралы айта білуі;
- отбасының шығу тегін құрастыра білуі;
- алынған ақпараттарды талдай және қорытынды жасай білуі.

2 тақырып. «Адам табиғаты».

Міндеттері:

1. Адамның пайда болуы туралы көптеген теорияларға түсінік беру;
2. Адамның жануарлардан айырмашылығын көрсететін құндылықтарын ашу;
3. Шынайы рухани-адамгершілік қасиеттердің шығу мүмкіндігін қадағалау.

Сабақ жоспары:

1. Адамның шығу тегі туралы аңыз.
2. Адамның пайда болуы туралы ғылыми теориялар: еңбек арқылы, биологиялық тұрғыда және т.б.
3. Адам және жануарлардың психологиялық сапаларының салыстырмалы сипаттамасы.
4. Шынайы адами қасиеттердің пайда болуы.

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Жұптасып жұмыс жасау (оқушылар парақтарды тігінен қабаттап қатарынан қойып шығады). Оң жақ қатардағы парақтарға адамдардың жануарлардан айырмашылығын көрсететін құндылықтарын жазу керек. Ал, сол

жақ қатардағы парақтарға жануарлардың қасиеттері мен сипаттамасын жазу қажет. Егер Сіз оқушыларға қиынға соққанын байқасаңыз адамдар мен жануарлардың құндылықтарын мысалға келтіре отырып көмектесеңіз.

2. Тақтаның ортасына тігінен сызық сызыңыз. Оң жақ жоғарысына «Адамның жалпы сипаттамасы», ал, сол жақ жоғарысына «Жануарлардың жалпы сипаттамасы» деп жазаңыз. Тақтаға жалпы тізім құрастыру үшін оқушылардан өздері ұсынатын тізімдерін сұраңыз.

3. Таблица құрастырылған соң мұғалім тақырыпты талдауға көшеді. Талдау барысында мынадай сұрақтар қоюға болады:

- жануарлар өзінен әлсіз немесе өзінен аш басқа жануарлар үшін азығы мен панасын құрбандық ете ала ма?

- егер жануар басқа жануарға қасақана қиянат жасаса немесе өлтірсе, онда ол өзінің кінәсін сезініп, ұялады ма? Ал, адамдар ше?

4. Оқушы өзін журналистпін деп ойласын және екі түрлі қоғам жайлы мақала жазуы тиіс делік: бірі – маймылдар қоғамы, бірі – адамдар қоғамы. Ол үшін алыс елдерге сапар шегіп, оларды жасырын түрде бақылауы жүргізуі қажет және де маймылдар мен адамдар арасындағы айырмашылық пен ұқсастық жайында жазуы керек.

5. Оқушының жазған мақаласын сыныптастарының арасында оқушыларға өз қалаулары бойынша оқытуға болады.

«Адам табиғаты» тақырыбы бойынша өткізілген сабақтың соңында оқушыларда келесі білімдер игерілуі тиіс:

- адамның өмір сүруі жайлы әр түрлі теориялар;

- адамның жануарлардан айырмашылығын көрсететін құндылықтарын білу.

Негізгі іскерліктері:

- адамның шынайы адамгершілік құндылықтарының пайда болу мүмкіндіктерін қадағалай білуі;

- адамдар мен жануарлардың құндылықтарының салыстырмалы сипаттамасын білуі;

- ақпараттарды талдай білуі.

3 тақырып. «Өзіңді таны».

Міндеттері:

1. Адамдарға құрметпен және таңданушылықпен қарайтын адамгершілік қасиеттерді қарастыру.

2. Оқушыларға өздігінен адамгершілік құндылықтарының жетілдіруін анықтауға көмектесу.

Сабақ жоспары:

1. Жоғары адамгершілік жетістігі бар адамдар жайында баяндайтын әдебиеттермен танысу.

2. Біздің кезең адамы (өзімізді қоршаған адамдарды әдеби кейіпкерлермен теңестіру).

3. Адамзат құрметіне бөленген адамның сипаттамасы.

4. «Мені не құрметті адам ете алады?» тақырыбына қысқаша шығарма жазу.

5. Сынып бойынша (өз қалауымен) қысқаша шығарманы оқу.

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Оқушылардан олардың аса құрметтейтін және дәріптейтін адамдары жөнінде ойлауын сұраңыз. Сонан соң дәптерлеріне тігінен бір парақ қағаз қойсын.

2. Оқушы өзі ойлаған адамының мінезінің 8 қасиетін беттің сол жағының әр жаңа жолына біртіндеп нөмірлеп жазып шықсын.

3. Тақтаға 4 көзден тұратын таблица сызып, олардың әрқайсысын «Әрқашан», «Әдетте», «Кейде», «Ешқашан» деп белгілеңіз және оқушыларға өз дәптерлерінің оң жағына таблица сызып алуын айтыңыз.

Аталған 8 қасиеттің қай кездері (әрқашан, әдетте, кейде, ешқашан) байқалатынын тиісті жауаптың тұсына жұлдызша қою арқылы белгілеп көрсетсін.

4. Оқушылардан олардың өздерінің бойында көргісі келетін 6 қасиетті таңдауларын сұраңыз. Бұл қасиеттер олардың бойында сол кездің өзінде болуы мүмкін немесе өте игергісі келетін қасиеттері болуы мүмкін. Оқушылар осы қасиеттерді парақ бетіне жазсын.

«Өзіңді таны» тақырыбы бойынша өткізілген сабақтың соңында оқушыларда келесі білімдер игерілуі тиіс:

- жоғары адамгершілік жетістігі бар адамдар жайында баяндайтын әдебиеттер жайлы білу;

- адамдарға құрметпен және таңданушылықпен қарайтын адамгершілік қасиеттер;

- өз бойында жағымды тұлғалық қасиеттердің қалыптасу тәсілдерін меңгеруі.

Негізгі іскерліктері:

- адамды жеке құндылықтарына қарай сипаттай білу;

- әдеби кейіпкерлерді балалардың айналасындағы адамдармен салыстыра білу;

- адамдардың қылықтарын адамның тұлғалық құндылықтарының байқалуы тұрғысынан талдау;

- өз бойындағы мінезінің жағымды жақтарының көрінуін талдай білу.

4 тақырып. «Мейірімділік пен зұлымдық».

Міндеттері:

1. Мейірімділік пен зұлымдықтың пайда боуын білу.

2. Адамдағы мейірімділік пен зұлымдық табиғатын білу.

3. Мейірімділік пен зұлымдыққа қатысты адам мінезінің мотивтерін қарастыру.

Сабақ жоспары:

1. Мейірімділік пен зұлымдық табиғаты. Мейірімділік пен зұлымдық арақатынасы.

2. Мейірімділік пен зұлымдық қашан пайда болды? (Тарихи шолу).

3. Әрбір адам – мейірімді және зұлым бастамалардың иегері: қай бастама жеңіске жетеді?

4. Адамның мейірімді және зұлым әрекеттерге бару себептері.

Біз рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында әзірленіп, дайындалған әдістемелік қосымша құралдар, сыныптан тыс жұмыстардың үлгі жоспарларын жоғарыда аталған мектептердің эксперименттік сынып жетекшілеріне қолдануға бердік. Мұғалімдер дайындалған тәрбие бағдарламасы мен сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын өз тәжірибесінде қолданды.

4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесін шығару, әдістемелік ұсыныстар беру

Бастауыш мектеп жағдайында сыныптан тыс жұмыстар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру бұрын зерттелінбегендігі, бұл күрделі мәселені шешудегі тәрбие жұмыстарының мүмкіндіктерін анықтауға арналған педагогикалық тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын бастауға негіз болды.

Ең алдымен, біз, тәжірибелік-эксперимент жұмысының кезеңдерін, оларда шешілетін міндеттер мен мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді белгілеп алдық.

Зерттеу жұмысымыз бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың қазіргі жағдайы мен мүмкіндігін ашу, осы бағытта жүргізілетін жұмыстардың жай-күйімен танысу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың деңгейі мен көрсеткіштерін зерттеп білу және мектеп пен отбасы арасындағы сабақтастықты анықтау мақсатында жүргізілді.

Зерттеуіміздің тәжірибелік-эксперимент жұмысы екі сатыда (анықтау, қалыптастыру) және қалыптастыру эксперименті үш кезеңде өткізіліп, мына төмендегі баяндалған мақсаттарды шешіп, біз күткен нәтижелерді беруі керек деп белгіленді:

- рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру негіздерінің теориялық сипаттамасы болмысын ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тұжырымдамасы мазмұны ретінде жинақтау;
- берілген тұжырымдамалық ережелерді бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру теориясы мен практикасында тиімді пайдалану жөнінде кеңестер жазып шығару;
- тәжірибелік-эксперимент барысының анықтау кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау, балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелілігіне қарай топтау, тәрбие бағдарламаларын зерттеп, талдау жоспарланды;
- тәжірибелік-эксперимент барысының қалыптастыру кезеңінде мазмұнды әдістеме жасау, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты берілген тапсырмалардан жинақталған әдістемелік нұсқау жасап, оның тиімділігін тәрбие үрдісінде тексеру;

- тәжірибелік-эксперимент нәтижесі оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелілігін дамытып, адамгершілік санасы, адамгершілік сезімі, адамгершілік мінез-құлқы, адамгершілік дамуы деңгейінің артуын қамтамасыз етуі керек деп күтілді.

Біздің тәжірибелік-эксперимент жұмысымыз Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының №16, 24 мектептерінде өткізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мына факторларға: тәрбиенің мақсатына, міндеттеріне, мемлекеттік саясатқа, оқушылардың жас ерекшелігіне, мектептің материалдың базасына, сынып жетекшілерінің ұстаздық шеберлігіне, ата-аналар мен мектеп ұжымы арасындағы байланысына қатысты жүргізіледі.

Сондықтан зерттеуге негіз етіп отырған бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға қазіргі қоғам талабы қаншалықты әсер еткенін, оны іске асырудың қазіргі хал-жайын анықтаудың үлкен маңызы бар. Тақырып бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар 1-4 сынып оқушылары арасында жүргізіліп, мына міндеттерді шешуге бағытталды.

1. Бастауыш сыныптың тәрбие бағдарламалары мен қосымша ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралардың жоспарларының, әдістемелік құралдарының оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктерін анықтау.

2. Бастауыш сыныптардың озат тәжірибелі мұғалімдерінің рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды іс жүзіне асыру жұмыстарының жай-күйін айқындау.

3. Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің бастапқы деңгейі мен соңғы деңгейінің көрсеткішін зерттеп білу.

4. Мектеп тәжірибесіндегі бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы ортақ кемшіліктерді айқындау.

Аталған міндеттерді шешуге іс жүзіндегі педагогикалық процесті зерттеу әдістері, бақылау, сауалнама, құжаттар мен мұғалімдердің іс-әрекеттерін, тәжірибелерін, тәрбие бағдарламалары мен қосымша ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралардың жоспарларын, әдістемелік құралдарды т.б. талдау қолданылды.

Анықтау эксперименті негізінде Ақтау қаласындағы №16 және №24 мектептің бастауыш сынып жетекшілері өткізген сыныптан тыс жұмыстарына қатыстық. Сыныптан тыс жұмыстарда мерекелерге байланысты ұйымдастырылған іс-шаралардан әрі аспай, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жағына дұрыс көңіл бөлмейтінін байқадық. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда балалардың адамгершілік санасының, адамгершілік сезімінің, адамгершілік мінез-құлқының және адамгершілік дамуының қалыптасуына әсер ететін апталықтарда, тәрбие сағаттарында, этикалық әңгімелерінде, әдеби-кештерде, кездесулерде, танымжорықтар мен практикалық жұмыстарда, оқушының еңбегі мен

ойынында рухани-адамгершілік тәрбиелілігін қалыптастырып, толықтыру жағын ескермеген. Сондай-ақ, бастауыш сынып жетекшілері мен ата-аналарды кіші мектеп жасындағы балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда арнайы даярлықтан (педагогикалық білім беру, конференциялар, курстар т.б.) өткізу қажет екені, оны жетілдіруге байланысты әдістемелік нұсқаулар мен дидактикалық құралдардың жеткіліксіздігі байқалды.

Рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру біршама төменгі дәрежеде. Тек қана жамандық, жақсылық, достық, жолдастық т.б. туралы әңгімелермен шектеледі. Бізге осы аталған жағдайлар жалпы білім беретін мектептерде бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жетіспей жатқан олқы тұстарын, кемшіліктерін байқауға мүмкіндік берді және оны анықтау эксперименті кезіндегі бастауыш сынып жетекшілерінің сыныптан тыс жұмыстарына қатысып бақылаулар арқылы, оқушылар мен олардың ата-аналарына сауалнама сұрақтарын беру, олармен пікір алысу арқылы анықтап, көз жеткіздік.

Жоғары және арнаулы оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдеріне мектепте рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру үшін арнайы курс, семинарлардың ұйымдастырылмайтыны және оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда дайындық жұмыстары жеткілікті түрде өткізілмейтіні анықталды. Жалпы білім беретін қазақ мектептеріндегі бастауыш сыныптардағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың хал-жағдайын зерттеу ісі мынадай тұжырымға келуге негіз болды:

- тәрбие бағдарламаларында бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру міндетін жүзеге асыру үшін мұғалімдерге жеткілікті түрде бағыт-бағдар берілмеген;
- бағдарламалық материалдардың бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мүмкіндігін жүзеге асыру мәселесіне арналған әдістемелік әдебиеттер, көмекші құралдар жоқтың қасы;
- бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы іс-шаралар сыныптан тыс жұмыстармен талапқа сай байланыстырылмаған, олар арқылы оқушылардың адамгершілік санасын, адамгершілік сезімін, адамгершілік мінез-құлқын, адамгершілік дамуын және рухани-адамгершілік тәрбиелілігін қалыптастыру дәстүрі толықтай қалыптастырылмаған;
- жоғары және арнаулы оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдері мектепте рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды жүргізу үшін арнайы дайындықтардан талапқа сай өткізілмеген;
- бастауыш сынып жетекшілеріне рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жұмысының деңгейін жоғарылату мақсатында арнайы курстар, семинарлар ұйымдастырылу қажеттілігі туындап отыр.

Демек, Қазақстан Республикасында еркін елдің ертеңін баянды ету бағытында бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды жетілдіруде мұғалімнің білімі мен іскерлігінің маңызы зор. Өйткені, оқушының болашақтағы білім деңгейі мен тәрбиелілік дәрежесі дұрыс және шебер ұйымдастырылған іс-шараларға байланысты.

Осыған орай, бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жайын біле отырып, бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмысын жүйелі, сапалы жүргізіп, жоғары деңгейге көтеру үшін бастауыш сынып жетекшілерінің теориялық және практикалық білімдеріне де жоғары мән беріліп, оларға әдістемелік-практикалық көмек көрсету мақсатында 20 сағаттан тұратын арнайы курс ұйымдастыру жоспарланды.

Кесте 4 – «Бастауыш мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» курсы (20 сағат)

р/с	Жұмыс мазмұны	Сағат саны	Жұмыс формасы	Жауаптылар
1	Рухани-адамгершілік тәрбие теориясы	6	семинар	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі	4	дөңгелек үстел	әдіскер
3	Озат тәжірибе – ортақ	4	пікірталас	сынып жетекшілері
4	Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға байланысты сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру	6	ашық тәрбие шаралары	сынып жетекшілері

Сонымен бірге, біз оларға рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында әзірленіп, дайындалған әдістемелік қосымша құралдар, сыныптан тыс жұмыстардың үлгі жоспарларын жоғарыда аталған мектептердің эксперименттік 1-4 сынып жетекшілеріне қолдануға бердік. Мұғалімдер дайындалған тәрбие бағдарламасы мен сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын өз тәжірибесінде қолданды.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінің нәтижесі бойынша, эксперименттің екінші кезеңінде, жалпы білім беретін орта мектептердің бастауыш сынып оқушыларына тәрбие процесі адамгершілік санасының, адамгершілік сезімінің, адамгершілік мінез-құлқының, адамгершілік дамуының және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына, жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына мүмкіндік беретінін есепке ала отырып, сыныптан тыс тәрбие шараларын ұйымдастыру барысында тәрбие әдістерін (үлгі-өнеге, пікірталас, тәрбие сағаты, ойын-жарыс, этикалық әңгіме т.б.) түрлендіре пайдаландық.

Бастауыш мектептің тәрбие процесінің мазмұны мен әдістемесіне рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын материалдарды ендіру жолдары біртұтастық жүйеде қарастырылуы тиіс. Сондықтан сыныптан тыс жұмыстарда рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарын таңдап алу қажет. Төменде эксперименттік топтардың 3-сыныптары арасында өткізілген рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жұмысының үлгі-жоспары беріліп отыр.

Сабақтың тақырыбы: Әжем және мен.

Сабақтың мақсаты:

1. Жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу.
2. Халықтық педагогиканы насихаттау, ата-анамен байланысты нығайту.
3. Әже тәрбиесін үлгі ету.

Сабақтың көрнекілігі: плакатқа жазылған нақыл сөздер, шарлар, гүлдер.

Сайыстың жүргізілу тәртібі:

1. Ұйымдастыру. (Мұғалімнің кіріспе сөзі).
2. Әже мен немерені таныстыру.
3. Сайыстың шарттары.
4. Әділқазылар алқасын тағайындау.
5. Сайысты қорытындылау.

Мұғалім: Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген. Бала – өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері. Кең даламызда көшпелі күн кешіп, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де, халқымыз жас ұрпаққа жақсы тәрбие берудің салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қалыптастырған. Әже тәрбиесінің бала өмірінде алатын орны ерекше. Әже тәрбиесін көрген бала болашақта ізетті адам болып өсуіне күмән жоқ. Әжелер мектебінің жұмысын көрсете отырып, сыныбымызда «Әжем және мен» атты сайыс өткізгелі отырмыз.

Келіңіздер, көріңіздер!

1-оқушы: Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп,
Аман-есен жүр, әжем.

Сайыстың шарттары.

Әжелер сайысы:

I. Сыр сандық.

–Бала тәрбиесіне байланысты сұрақтар:

- а) Әженің бала тәрбиесіндегі орны қандай?
- ә) Немерелеріңізге ертегі айтып бересіз бе?
- б) Дастарқан басында қандай ескертулер жасайсыз?
- в) Қазақ халқы баласын қалай тәрбиелеген?

–Қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы.

- а) Базарлық деген не?
- ә) Сүйінші қай уақытта сұралады?

- б) Тұсау кесу қалай өткізіледі?
 - в) Асар сөзін түсіндіріңіз
–Той-томалақ рәсімдері.
 - а) Тілашар қай кезде жасалады?
 - ә) Наурыз тойы туралы түсінік беріңіз.
 - б) Мүшел той деген не?
 - в) Уыз той, қымызмұрындық деген не?
- II. Шебердің қолы ортақ.
III. Өнер сайысы.

Немерелер сайысы:

1. Өзін таныстыруы.
2. Білім қымбат, білу қиын.
Менің Отаным – Қазақстан. Сұрақтар:
 - а) Қазақстан тәуелсіздігін қашан алды?
 - ә) Қазақстанның астанасы қай қала?
 - б) Елім менің – бақытым (әңгіме).
 - в) Абай Құнанбаев кім?
 - г) Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ата.
 - д) Әнұранның авторлары кімдер? Әнін жазғандар, сөзін жазғандар?
 - е) Тұңғыш қазақ ғарышкері кім?
3. Математикалық сандарға байланысты мақал-мәтелдер айту.
4. Өтірік өлеңдер айту.
5. Сөзжұмбақ шешу.
6. Өнер сайысы.

Сайысты қорытындылау.

Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тұлғаны жан-жақты дамыту тәрбиесінің басқа салаларымен, соның ішінде халық педагогикасының элементтерін пайдалана отырып, кешенді ұйымдастырылып, жүзеге асатындықтан оқушылардың ата-баба дәстүріне, адамгершілікке үндейтін нақыл сөздерге, еліміздің рәміздеріне, Отанға, туған жерге деген қадір-құрметі артып, патриоттық сезімі оянып, рухани дүниесі дамып, қайырымдылыққа, инабаттылыққа т.с.с. адамгершілік қасиеттерге тәрбиеленеді.

Осы орайда эксперименттік топтардың 4-сыныптары арасында ұйымдастырылған «Қазақ ырымдарының тәрбиелік мәні» атты әңгіме-сұхбаттың үлгі-жоспарын ұсынып отырмыз.

Тақырыбы: Қазақтардың ежелгі әдет-ғұрып, салт-саналарында кездесетін ырымдар мен тыйымдар.

Мақсаты: 1. Халқымыздың тағылымы мол мұраларының бірі – ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар екендігін ұғындыра отырып, олардың ұлттық қасиетіміздің бір бөлігі екендігін түсіндіру. Оны мысалдар арқылы дәлелдеу.

2. Оқушылардың ой-өрісін, сөйлеу тілін дамыту. Өзіндік пікір айтуға үйрету.

3. Имандылыққа, адамгершілікке, ізгілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түрі: әңгіме-сұхбат.

Әдісі: әңгімелеу, әңгімелесу, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: I. Нақыл сөздер.

1. Батыр болған бабамнан,
Ел қорғауды үйрендім.
2. Ару болған анамнан,
Ар қорғауды үйрендім.
3. Туып өскен ұям деп,
Жер қорғауды үйрендім!

II. «Туған жер» суреттер.

III. Қазақстан Республикасының рәміздері.

Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Тәрбие сағатының мақсат-міндетін таныстыру.

Жүргізуші: Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да
Төрт анаға әнін жалғай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған
Қасиетті бұл төрт ана: тағдырыңның тынысы.
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің Ұлысы! (М.Шаханов).

Мұғалім: Нағыз ұлтын сүйетін әрбір азамат осы төрт анамен сусындап өсуі керек. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты ұлттың салт пен дәстүрлері туады. Әр ұлттың өз тарихы, тілі және сол ұлттың өмір сүретін жері болуы керек. Бұл төрт ана әр ұлттың ұлт болып қалуының негізгі белгілері болып саналады. Және олар бір-бірімен тығыз байланысты.

Ұлттық салт-дәстүрлер – тарихи көне процесс. Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрыптары көп салалы. Бүгін біз солардың бірнешеуіне ғана тоқталамыз.

Бабалар табиғатты аялаған,
Малын бағып, бауырын саялаған.
Табиғатты «Ана» деп ардақ тұтып,
Қамқорлығын ешқашан аямаған...

Әр халықтың өскен ортасы, кіндік қаны тамған туған жерінің барлық қадір-қасиеті оның тұла бойындағы адамгершілік ақыл-ой парасатымен үнемі тамырласып әрі тағдырласып жатады.

Ендеше, балалар, біз ежелден келе жатқан табиғатқа сену мен сыйыну, құстар мен хайуанаттарға байланысты әдет-ғұрып, наным-сенімдерге тоқталмақшымыз.

I. Мына сөздер мен ұғымдардың шығу төркінін білеміз бе?

1. «Отағасы», «Оттың өшсін».

Қазақтарда от ең қасиетті нәрселердің бірі саналады. Қазақтардың «Отбасы» деп Отанын, үйін айтуы, оттың зор қасиеттілігін ұқтырады. Қазақтар ешуақытта отқа түкірмейді; от жағылған жерді баспайды. Мал төлдеп жатқанда отты басқа біреуге тамызыққа бермеу де, әйел босанып, баланың кіндігі түскенше басқаларға от бермеу, үйден от алып шықпау тағы бар. Жаңа түскен келін босағадан аттарда басынан от айналдыру, отқа май тастау, «От-Ана жарылқа» деп жалбарыну әдетке айналған. «Алас, алас, әр бәледен қалас» деп от түтінімен аурудың төсегін, жас баланың бесігін, киімдерін аластайды.

2. «Сүт көп, отын аз».

Көктемде алғаш рет күн күркіреп, найзағай ойнағанда қазақтар қолындағы ожаумен киіз үйден жүгіріп шығып, үйді айнала ожаумен ұрып, жүгіріп, «Сүт көп, отын аз» - деп, кейін үйге кіріп, ожауын есік алдындағы керегеге қадайды. Бұл сүттің көп болып, мал басының көбеюін тілеген жақсы тілектен пайда болған.

3. «Ит көйлек».

Қазақ халқының руларында «Ит емген» атауларының болуы немесе Итбай, Күшік, Төбет секілді адам есімдерінің болуы немесе ит жатқан орынға таңертеңгі мезгілде ит тиген (рахит) сәбилерді үш рет аунатып алу, не болмаса сары иттің құлағын шертіп, қан алып жағу, не иттің жүнін көз тимес үшін жас нәрсетелерге тағып қоюлары иттің қазақтарда қасиетті болғандығын көрсетеді.

Сол секілді ежелден-ақ әйелдің баласы тұрмай өле берсе, жаңа туған нәрестенің алғашқы көйлегін иттің басына кигізіп, сонан кейін баласына кигізген. Сонда туған баласы өлмейді деп ойлаған. «Ит көйлек» атауы осыдан шыққан.

4. «Ақ түйенің қарны жарылды».

Түйені қазақтар көп, беталды соя бермейді. Меккеге қаылыққа жүрерде, көп болып тасаттық жасағанда немесе ханды таққа отырғызғанда түйе союға болады. Қазақтар түйені ұрмаған, теппеген. Оның жүнін қасиетті санап, жын-періні, бәлекетті қуады деп сенген.

5. «Су ішетін құдығыңа түкірме».

Күнделікті мұқтажымызды өтеп жүрген ауыз судың тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздер көптеп кездеседі.

Қазақ ырымында түнде су алуға барған адам ең алдымен суға тас лақтырып ұйқысынан оятады. Одан соң су атасы Сүлейменнен рұқсат сұрайды. Бұлай етпеген жағдайда алған су арам болады деп есептеген.

Су атасы – Сүлеймен,

Айдыныңа тас аттым.
Рұқсат ет балаңа,
Су алуға бола ма?
Түн ұйқыңды ояттым,
Толқыныңды аяп тым.
Тұнығыңды қорғаймын,
Лайласам оңбаймын.
Су атасы – Сүлеймен
Рұқсат ет балаңа

Су алуға бола ма? – деп, үш рет қайталап айтып алған су адал болады деген ырымның ұқтырар ұлағаты мол.

Өмірдің ақ сүт берген анасы – су
Көзіңнің күлімдеген қарасы – су...

II. «Кие».

Қасиетті сөз бар еді «кие» деген,
Киеліге жоламас күйе деген.
Жерін, елін, Отанын сүйетіндер,
Ең алдымен бұл сөзді сүйеді ерен.
Тірі нәрсе – шөп деген, көгал деген,
Көкті жұлам, болады обал деген!
Ата-анамыз жыланға үйге келген,
Ақ сүт құйып басына «жоғал» деген.

1. Қазақ ұғымында жылан киелі. Мысал келтіріңдер.

Жылан үйге кірсе, жақсылық нышаны деп ұғып, өлтірмейді. Басынан ақ құйып, ардақтап далаға шығарады. Шаққан жыланды ұстап алып, құйрығынан төмен қаратып ілсе, шаққан уы қайтып, зақымданушыға жеңіл болады деп санаған. Жылан жолды кесіп өтсе, жолаушы жолым болмайды деп ырым жасап, бара жатқан жолынан кері қайтқан.

2. Қандай киелі құстарды білесіңдер?

Үкінің қауырсындарын әртүрлі бәлекеттерден сақтайды деп, сәбидің бесігіне, жас балаларға, қыздарға тағу, сән-салтанаттылықты емес, қайта көз тиіп ауырмау, сұқ қадалмасын деген ниеттен туған. Көпшілік алдына шығатын әншілердің, бишілердің үкі қауырсынын тағуы да соны аңғартады.

– Құсың қайда, қарағым-ау?

– Атпадым...

– Көп еді ғой көлде құс...

– Көп екен.

– Неге атпадың?

– Түк дәлелім жоқ екен.

– Атуға сен қимадың ба?

– Қимадым.

Туған жердің құстарын да сыйладым.

3. Балалар, құстарды қорғауға байланысты қандай тарихи оқиғаларды білесіңдер?

1. «Қарлығаш би» оқиғасы.
2. М.Мақатаев. Аққулар ұйықтағанда.
3. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу».
4. Т.Әлімқұлов. «Қараой».

Мұғалім: Ешбір халық өз ұрпағын жаман болсын, мұрасыз, мұратсыз болсын демейді. Жақсы әдет-ғұрпын дәстүр, өнеге етіп ұстайды. Ешбір қағаз бетіне жазылып, жарлықпен бекітілмей-ақ тұтас бір халықтың рухани кодексiне айналып кеткен мұндай дәстүрлер – бiздiң арымыз, ұятымыз.

Бiз ырымшыл халықпыз. Бала күнiмiзден есiмiзде қалғаны: ит шөп жесе, үлкендер: «Илгерi басқанның итi оттар» деп жақсыға жориды да, ит ұлыса: «Ырымға жаман, өз басыңа көрiнсiн» деп жамандыққа жориды.

Сонда ырым дегенiмiз не?

Өзiмiзге белгiлi Ш.Уәлиханов ырымды әдет деп айтса, Сәбетқазы Ақатаев ырымды халықтың таным-түсiнiгi деп көрсетедi.

Ал, кие сөзiне Ш.Уәлиханов мынадай түсiнiк бередi: «Қазақтар кие дегенде, жаратылыстың кейбiр құбылыстарына, мәселен отқа, кейбiр жануарларға, құстарға және өздерiнiң көшпелi тұрмысына пайдалы болатын әртүрлi заттарға ерекше күш таңады, сөйтiп оларды белгiлi дәрежеде құрметтейдi, бұл құрметтi ғұрыптарды сақтап отырса, олардың басына байлық, бақыт орнап, құт қонады, ал ол ғұрыптарды сақтап отырмаса, бiр қырсыққа шалдығады» деп ойлайды.

Мұндай кие дейтiн күшi бар заттарды «киелi» деп атайды.

«Ұя бұзба, жұмыртқаға тиме!» - деп,
 Ұрсушы едi менiң анам күйгелек.
 «Жас шыбықты сындырма» деп ұрсатын,
 Шыққанымда «тұлпарымды» сүйрелеп.
 «Ұя бұзба! Бұзба!» - деймiн балама,
 Өсиетiң қандай ғажап, жан ана!
 Тал-теректi тамырынан қиятын,
 Тас жүректер әлi де көп арада...
 – Бұзба! – дейдi аспан түгел, Жер түгел!
 Сол өтiнiш анамды еске келтiрер.
 Анам болып ұлы Отаным сөйлейдi:
 – Бұзылмасын дүние түгел, Жер түгел!

Қорытындылау.

Әңгiме-сұхбаттарда ең көп қолданылатын тақырып – адамгершiлiк тәрбиесi. Әңгiме жүргiзу негiзiнен бастауыш сынып оқушыларын қамтиды. Соған орай этикалық әңгiменi ұйымдастыру: жолдастық және достық, әдiлеттiлiк және әдiлетсiздiк, қарапайымдылық және озбырлық, жомарттылық және қатiгездiк, бiреуге шын жүректен жақсылық жасау қасиеттерiне қатысты мәселелер қаралады. Осы мәселелерге қатысты өткiзiлген әңгiмеде оқушыларға жалпы адамдық мораль ұстанымдарын жақсы ұғынуға, өмiр тәжiрибесiн дұрыс та, нәтижелi қорытуға көмектеседi. Мұғалiмнiң әңгiмесi оқушылардың жауаптары, пiкiрлерiмен ұштасып отырады. Мұндай әңгiменi ұйымдастыруда,

ең алдымен адамгершілік ұғымдардың мазмұнын анықтап, түсіндіруден бастаған жөн. Сонымен бірге әңгіме барысында адамгершілік ұғымдарының мәнін түсінуге нәтижелі мүмкіндік туғызатын нақтылы мысалдар, деректерді келтірген дұрыс. Өйткені, адамгершілік тәрбиесі балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Бала тәрбиесіндегі басты тұлғаның бірі – ата-ана екені баршамызға мәлім. Отбасында бала тәрбиелеу ешқандай дайындықты керек етпейтін қарапайым әрекет секілді болып көрінеді. Көпшілік қауымның осындай көзқараста екені оларға қойылған сұрақтар мен өткізілген сауалнамалар, әңгімелерден белгілі болды. Мұндай көзқарасты кезінде К.Д.Ушинский «педагогикадағы надандық» деп санаған.

Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың орны туралы Абай Құнанбаев, адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі, ақыл ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата, жақсы ана» үлгі, өнегесі деген. Бұдан ұғатынымыз баланың бойында адамдық жақсы қасиеттердің болуы ата-ананың ықпалына әбден тәуелді екені. Сонда осы ықпал дегеніміз не? Ықпал – бір адамның екінші бір адамға, не бір заттың екінші бір затқа ететін әсері. Оның салдарын төмендегі 5-кестеден көруге болады.

Кесте 5 – Ата-ананың балаға ықпал ету әдістерін топтастыру

р/с	Әдістер	Мазмұндық көрсеткіштер	Нәтижелері
1	Ықпал ету арқылы баланың өзіне сенімін нығайту	Нандыру, сендіру, иландыру: ақыл-кеңес, іс-әрекетін қуаттау, нұсқау, қолдау, орынды көтермелеу, дәлелдеу, дұрыс бағалау, әділ ескерту, баламен санасу, пікірлес болу т.б.	Өзіне сенімі артады
2	Ықпал ету арқылы тежеу	Ата-ананың балаға өз дегенін күштеп істетуі, қақпайлау, үстемдік пиғылын көрсету, беделімен басыну, санаспау т.б.	Тартыншақ, қорқақ, ырықсыз, жігерсіз, жалтақ, өтірік, қулық, т.с.с
3	Ықпал ету арқылы қуаныш сезімін оятуы	Орынды мақтау, мадақтау, көңілін көтеру, демалысын ұйымдастыру, керекті деңгейде қажетін өтеу, т.б.	Көңілі өсіп, марқаяды, батылдық, өзіне сенімі, өмірге құштарлығы, қабілеттері ашылады
4	Теріс әрекетке түрткі болатын әдістер	Баланың ырқына көну, артықша еркелету, балаға мән бермеу, бақылаусыз қалдыру, жәбірлеу, зекіп, ұрысу, орынсыз кінәлау, алдау, мазақ ету, нашар үлгі көрсету т.б.	Қырсықты, өзімшіл, рақымсыз, ұқыпсыз, жалқау, ынтасыз, бірбеткей қатыгез, зорлықшыл, озбыр т.б.

Халқымызда «көрген көргенін қылады, көсеу түрткенін қылады», «ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» деген секілді көзбен көру, өмір шындығын қабылдаудың ең нанымды түрі болғандықтан, қазақта «естігеніңе сенбе, көргеніңе сен» деген. Білім, ғылымды меңгеруден бастап, күнделікті тұрмысқа қажетті әдет дағдыларды қалыптастыруда көзбен көрудің маңызы зор. Көзбен

көру арқылы шын мен жалғанды, дұрыс пен бұрысты ажыратып сенуге, илануға болады. Сондықтан, тәлім-тәрбие ілімінде ата-ананың өнегесін көру арқылы ықпал етуіне ерекше мән беріледі. Осы тұрғыдан алып қарағанда ата-ана үлгісінің ықпалының басқа біреулерге қарағанда пәрменді де ұрымтал болатын себебі – бала сана-сезіміне ата-ананың басқаларға қарағанда ерекше жақындығында, сондықтан олардың іс-әрекетіне ерекше мән беруінде.

Әрбір ата-ана қоғам қажеттілігіне сай бала бойында адамгершілік қасиеттер мен мәдениетін тәрбиелеуі керек. Бұл жұмыс ата-аналар мен білім беру мекемелердің арасындағы тығыз байланыс нәтижесінде жүзеге асады.

Біз осы талапты басшылыққа ала отырып, жергілікті жердің менталитетіне байланысты ата-аналармен жұмыстың тиімді түрлерін таңдап алумен қатар, тұрақты байланыс орнаттық. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ата-аналардың ролі зор болды. Оның дәлелі ретінде, эксперимент жүргізіліп отырған мектептердің бастауыш сынып жетекшілерінің оқушылардың ата-аналарымен өткізілетін жұмыстың түрлерін жоспарлап жүзеге асырғанын айта кеткен орынды. Мысал ретінде: «Отбасы – тәрбие бастауы» атты ата-аналарға арналған кеңес, ата-аналардың көмектесуімен 3-4 сынып оқушылары арасында өткізілген жарыс, дөңгелек үстел, «Ата-баба дәстүрі – асыл мұра» атты озат отбасылық тәжірибені ата-аналар арасында тарату, тағы да басқа шараларды атауға болады. Мұғалімдердің ата-аналармен байланысын дамытатын бұдан басқа да жұмыс түрлері жоспарланып, ұйымдастырылды.

Зерттеуіміздің тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың нәтижесі жоғарыда баяндалған мақсаттарды шешіп, мынадай қорытындыға келдік:

- рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру негіздерінің теориялық сипаттамасы болмысын ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тұжырымдамасы мазмұны ретінде жинақталды;
- берілген тұжырымдамалық ережелерді бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориясы мен практикасында тиімді пайдалану жөнінде кеңестер жазылды;
- тәжірибелік-эксперимент барысының анықтау кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің бастапқы деңгейі анықталып, балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелілігіне қарай топтастырылды, тәрбие бағдарламалары зерттеліп, талданды;
- тәжірибелік-эксперимент барысының қалыптастыру кезеңінде мазмұнды әдістеме жасалды, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты берілген тапсырмалардан жинақталған әдістемелік нұсқау жасалып, оның тиімділігі тәрбие үрдісінде тексерілді;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының нәтижесінде оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелілігі дамып, адамгершілік санасы, адамгершілік сезімі, адамгершілік мінез-құлқы, адамгершілік дамуы деңгейі артты.

Сонымен бірге зерттеу жұмысымыздың міндеттері толық орындалды. Тәжірибелік-эксперимент барысында бастауыш сыныптың тәрбие бағдарламалары мен қосымша ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралардың жоспарларының, әдістемелік құралдарының оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың қазіргі жағдайын аша отырып олардың мүмкіндіктерін дәлелдедік. Бастауыш сыныптардың озат тәжірибелі мұғалімдерінің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды іс жүзіне асыру жұмыстарының жай-күйі айқындалды және оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің бастапқы деңгейі мен соңғы деңгейінің көрсеткішін зерттеп білдік. Яғни, тәжірибелік-эксперимент соңында бұған дейінгі жасалған жұмыстар нәтижесінде балалардың адамгершілік санасының, адамгершілік сезімінің, адамгершілік мінез-құлқының, адамгершілік дамуының соңғы деңгейі анықталып, белсенділігі артып, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптастырылды.

Мектеп тәжірибесіндегі сыныптан тыс жұмыстар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы ортақ кемшіліктерді айқындай келе, біздің тәжірибе жұмысымыз бастауыш сынып жетекшілеріне арналған төмендегі ұсыныс-пікірлер мен әдістемелік құралдарды дайындаумен қорытындыланып, жоспарланды.

Сонымен, тәжірибе жұмыстарымыздың мәліметтері, нәтижелері, зерттеуіміздің ғылыми болжамындағы мәселелерді айқындауға толық мүмкіндік бергенін дәлелдеп берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, ұлттық сана, психология мен тәлімдік дәстүр мұраларын бойына сіңіре өскен, парасатты болашақ ел азаматы – жас ұрпақтың адамгершілік мінез-құлықтық тәрбиесін дамыта отырып, қоғамдық қатынастарға қазіргі заман талабы және педагогика ғылымының басты міндеттерінің бірі. Тәрбиенің бұл педагогикалық міндетін, арнайы кешенді ғылыми-зерттеулер мен мақсатты түрде ұйымдастырылған, мектеп оқушыларымен тікелей тәжірибелер жүргізу арқылы жүзеге асыруды талап етеді.

1. Жас ұрпақтың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды жүзеге асырудың басты институты – мектеп.

2. Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, болашақ өмірге дайындау, мектептік тәрбиенің барлық салаларында үнемі жүргізіліп отыруы тиіс ұзақ педагогикалық, психологиялық үрдіс.

Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мазмұны, қоғам өмірінде қалыптасқан, адамдар арасында көрініс тауып қалыптасқан адамгершілік қадір-қасиеттерге негізделген – Отансүйгіштік, ұлтжандылық, гуманистік, сүйіспеншілік, махаббат, қоғам алдындағы парыз бен жауапкершілік сезімдерді қалыптастыру арқылы, оларды қоғамдық және жеке адами өмірге даярлауды қамтиды. Соған байланысты, қоғам дамуының әр кезеңдеріне сәйкес ықпалды әдіс-тәсілдері, іс-шараларының түрлі ғылыми түрде зерттеліп, практикада сыннан өтіп отырады.

Мектептік тәлім-тәрбие жүйесінде оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда, жаңа педагогикалық, этикалық, эстетикалық ғылыми тұғырнамаларды, халық педагогикасының тәлімдік дәстүрлері мен тәжірибесінің сындарлы үлгілерімен ұштастыру қазіргі заман талабы. Бастауыш мектеп оқушыларының сыныптан тыс жұмыстар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық мәселелерін зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың нәтижелерін саралай отырып, төмендегідей қорытынды жасадық.

1. Зерттеу жұмысымыздың барысында, философиялық, социологиялық, психологиялық ғылыми еңбектерді талдай отырып зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сәйкес бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы сыныптан тыс жұмыстардың мәні мен маңызын анықтадық.

2. Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен жолдары анықталып, тәжірибелік жұмыстар барысында балалардың мінез-құлық тәртібін қалыптастыруда, адамгершілік қадір-қасиеттерге баулуда пайдаланылды.

3. Оқушылардың бойында руханилық адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда сынып жетекшілеріне «Бастауыш мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» курсы құрастырылды және тәрбиелік бағыт-бағдары белгіленіп, іс-жоспарлары тәжірибе жұмыстарында басшылыққа алынды. Сонымен бірге, зерттеудің

алғашқы кезеңіндегі тәжірибе қорытындыларының нәтижесіне сүйене отырып, қазіргі кезеңдегі бастауыш мектеп оқушыларының сыныптан тыс жұмыстар негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жүйесі жасалып тірек мектептеріндегі тәрбие жүйесіне енгізілді.

4. Оқушылар бойына жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру арқылы рухани-адамгершілік тәрбиелілік деңгейлері анықталды; бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында жүргізілген іс-шаралардың тәрбие жұмыстарында жүйелі түрде пайдалану жолдары қарастырылды.

5. Мектептерде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мақсаты мен міндеттерінің орындалу жағдайын саралау негізінде тірек мектептері оқушыларының бойында сыныптан тыс жұмыстар арқылы жалпыадамзаттық, ұлттық адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігі деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері, жоғарылау динамикасы көрсетілді.

6. Зерттеудің алғашқы сатысында жүргізілген ізденістік тәжірибелер барысында, бастауыш мектеп оқушылары арасында орын алып отырған адамгершілік нормаларынан ауытқушылықтарды анықтау арқылы, ол құбылыстың туу себептерінің бірі ретінде – мектептердегі оқу үрдісіндегі және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының формалистік науқандық мәнге айналуынан екені айқындалды.

7. Зерттеудің келесі кезеңдерінде, тірек мектептерінде арнайы бағдарламалық жоспар негізінде жүргізілген тәрбиелік жұмыстарының мәліметтерін өзара салыстырмалы талдау қорытындысы, қалыптастыру эксперименті нәтижелерінің қажетті деңгейге көтерілгенін, сөйтіп, ғылыми зерттеуіміздің мақсатына, ғылыми болжамына сәйкес белгіленген міндеттердің толық шешілгенін көрсетті.

Мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстары барысында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды жүзеге асыруға қажетті жағдайлардың тудырылуы үшін төмендегідей нұсқауларды ұсынамыз:

1. Мектеп ұжымы бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелеріне қатысты тәлім-тәрбиелік шараларды іс жүзіне асыру барысында, оқушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың өнегелік үлгілерін үйлестіре дарыту заңдылығының қазіргі жаңа-нарықтық ашық қоғамға өту кезеңінде айрықша мәнге ие болып отырғандығын үнемі есте ұстаулары шарт.

2. Өскелең ұрпақты тұлға ретінде қалыптастыру үшін, олардың бойына өздерінің адамдық бітім-болмыстарының, адамгершілік қадір-қасиеттердің, әлеуметтік тәжірибенің өнегелік үлгілерінің, рухани құндылықтар мен рәсімдердің, салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылардың алдағы бүкіл өмір бойы сіндірілуіне түрткі болып отыратын қабілеттілікті дарытуға күш салынуы керек.

3. Оқушылардың танымдық белсенділігін, жоғары адамгершілік қасиеттерін арттыра отырып, олардың ой еңбегіне ынтызарлықтарын, қоғамдық

өмірге, еңбекке қатынасы мәдениетін, сұхбаттасу мәнерлерін меңгеруге деген ұмтылыстарына ықпал жасай отырып, өздерін өздері тәрбиелеуге деген мүдделерін қанағаттандыру үшін әрекеттенуге итермелейтін ішкі мотивациялық-түрткілік қозғаушы күштері үнемі жандандырылып отырылуы қажет.

4. Жоғары адамгершілік қасиеттер мен сапалардың алдыңғы қатарында оқушылардың бойына қоғамымызда қабылданып тұрақтанған қоғамдық тәртіпті сақтау ережелері мен құқық нормаларын, туған отанымызда азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді тұрақтандырудың негізгі бағыттарының қатарында ұлтаралық қатынас мәдениетінің қалыптастырылуы шарт.

5. Өскелең ұрпақтың бойына жоғары адамгершілік сана мен сезімнің озық өнегелік нұсқасы ретінде ұлттық адамгершілік қадір-қасиеттерді, рухани құндылықтар мен талғамды, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, жөн-жоралғыларды, рухани мәдениетті және өнерді дарытудың таптырмайтын құралы – халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбие үлгілерінің сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен қолдануына үнемі жағдай тудырып отыру тиімді.

6. Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды тәрбиенің басқа түрлерімен кіріктіре жүргізудің басты шарты ретінде өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтың тәрбиесіне қатысы бар барлық тәрбие институттарының – мектептің, отбасының және ортаның, ақпарат құралдарының, қоғамдық тәртіпті сақтау ұйымдарының, әртүрлі жастар ұйымдары мен бірлестіктердің жұмыстарын үйлестіре жүргізген жөн.

7. Мектептің басты міндеті – оқушыларды республика халықтары, ұлттары мен ұлыстары арасында өзара сыйластық пен құрметтеушіліктің, қоғамды ізгілікті, адамгершілікті тұрғыдан жанарту рухында, еліміздің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іс жүзіне асыруға қабілетті өзін-өзі нарықтық заман талабына сай іскерлікке баули алатын адамгершілік қадір-қасиеттері биік азамат ретінде қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы – об образовании: Қазақстан Республикасы Заңы. Алматы: Литера, 2000. - 96 б.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан-2030» жолдауы.
3. С.П.Залыгин. «Поворот». – М.: Мысль. 1987, 77 с.
4. Марьенко И.С. Нравственное становление личности школьника. - М.: Педагогика, 1985, - 13 С.
5. Макаренко А.С. Сочинения. - М., 1960, Т. IV,V. – 508 С.
6. Шацкий С.Т. Школа и строительство жизни. Избр. пед. соч. - М., 1958. – 34 С.
7. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. - Алматы: «Мектеп», 1987. 10-11 - беттер.
8. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы. Білім, 2001. - 116-117 беттер.
9. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негізі. – Алматы. 2001. - 295 б.
- Байсеркеев Л.А. Нравственно-правовое воспитание школьников. – Алматы: Ғылым, 1997. - 237 с.
10. Урунбасарова Э.А. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана (60-е г.г. XIX в. - 90-е г.г. в XX). – Алматы. 1999. - 270 с.
11. Карсавин Л.П. Философия истории. – М., 1993. - 352 с.
12. Турсынов Б.Ж. и др. Нравственно-духовное просвещение. – Алматы. 1995.
13. Даналардан шыққан сөз. //Құраст. Ү.Асыллов. – Алматы: 1987. - 230 б.
14. Назарбаева С.А. Бөбек қоры. Өзін-өзі тану. Жоғары оқу орны оқытушыларына арналған әдістемелік құрал. – Алматы. 2003. Бөбек. РОСО.
15. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы. 2001, - 238 б.
16. Нұрғалиева Долорес Әбілдәқызы: Сыныптан тыс жұмыстарда жеткіншектердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: дисс. пед. ғыл. канд.: - Алматы. 2005.
17. Проблемы рефлексии: Современные комплексные исследования /Под ред. И.С.Ладенко, - Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1987. - С. 70.
18. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. - Алматы. 2000. - 181 б.
19. Даналардан шыққан сөз. //Құраст. Ү.Асыллов. – Алматы: 1987. - 230 б.
20. Нысанбаев Ә. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. - Алматы: Қазақстан энциклопедиясы. 1999. - 416 б.
21. Шимановский Д.С. Самосознание в структуре нравственной деятельности //Вопросы философии. 1984. №3. - 9-13 с.
22. Шилова М.И. Учителю о воспитанности школьников. - М.: Педагогика, 1990, - 144 с.
23. Блюмкин В.А., Гумницкий Г.Н., Цырлина Г.В. Нравственное воспитание (философско-этические основы). Воронежское кн. Изд-во, 1990. - 141 с.

24. Харламов Н.Ф. Педагогика. - М., 1999. - 519 с.
25. Ильина Т.А. Педагогика. - Алматы: Мектеп, 1977. - 488 б.
26. Кон И.С. Психология ранней юности. Книга для учителя. - М., 1989. - 255 с.
27. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 бет.
28. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 27.09.95. № 16.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың педагогикалық негіздері.....	4
2 Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың мазмұны.....	8
3 Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың әдістемесі.....	34
4Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесін шығару, әдістемелік ұсыныстар беру.....	43
Қорытынды	56
Пайдаланылған әдебиттер тізімі	59

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 63 бет 5,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.